ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 83 (3910)
6 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Есірткі жасырғаны үшін жауапқа тартылғандардың 80%-дан астамы жастар

4-БЕТ



Дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелген

8-БЕТ



Желтоқсанның жазылмаған тарихы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ІРГЕТАСЫ



Энергетикалық қауіпсіздік бүгінде тек салалық мәселе емес, мемлекеттің экономикалық дербестігі мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық факторға айналды. Бұл жөнінде Құрылтайдың Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің кеңейтілген отырысында Құрылтайда өткен дөңгелек үстелде төрағаның орынбасары Дания Еспаева мәлімдеді.

(Жалғасы 3-бетте)

САРАП

МОРАЛЬДЫҚ ЗАЛАЛДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ФОРМУЛАСЫ ЖОҚ

Бір адам жақынынан айырылғаны үшін 10 миллион теңге өтемақы алады. Екінші отбасы қаза болған баласының өліміне 120 миллион теңге өндіріген. Ал заңсыз сотталып, екі жылдан астам уақыт түрмеде отырған азаматтың көрген азабы 4 миллион теңгеге бағаланған. Моральдық залалдың мөлшері қалай анықталады? Сот шешімдеріндегі айырмашылық заңның икемділігінен бе, әлде ортақ өлшемнің жоқтығынан ба?

Адамның жан жарасын таразыға тартып, қайғысына баға қою мүмкін бе? Жақынынан айырылған отбасының қасіретін, жазықсыз темір торға қамалған адамның күйзелісін немесе өмір бойы жазылмайтын дене жарақатын ақшамен өлшеу – құқық жүйесіндегі ең күрделі мәселенің бірі. Дегенмен сот тәжірибесінде мұндай жағдайларға ақшалай өтемақы белгіленеді. Бірақ оның мөлшері әр істе әртүрлі.

Қазақстанда моральдық шығынды өтеу құқығы заңмен бекітілген. Азаматтық кодекстің 951-бабында моральдық шығын ұғымы мен оны өтеуге негіз болатын жағдайлар көрсетілсе, 952-бапта өтемақы мөлшерін анықтау тәртібі белгіленген. Заңға сәйкес, моральдық шығын ақшалай өтеледі. Ал оның көлемін сот жәбірленушінің жан және тән азабының дәрежесін, құқық бұзушылықтың сипатын, істің өзге де мән-жайларын ескере отырып, ақылға қонымдылық пен әділдік өлшемдері негізінде анықтайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №7 нормативтік қаулысы да соттарға осы талаптарды басшылыққа алуды міндеттейді. Алайда заңда моральдық шығынның әр түріне арналған нақты тариф немесе бірыңғай есептеу формуласы жоқ. Демек, талапкер сұраған соманы сот толықтай қанағаттандыруға міндетті емес. Түпкілікті шешім істің мән-жайына қарай қабылданады.

Моральдық шығын мөлшерінің әртүрлі белгіленуін қоғам назарын аударған екі қылмыстық істің мысалынан көруге болады.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Салтанат Нүкенованың ағасы Айтбек Амангелдінің Қуандық Бишімбаевқа қарсы талабын қарады. Ол қарындасының қазасынан кейін шеккен моральдық шығын үшін 1,5 млрд теңге өтемақы талап еткен. Сот талапты ішінара қанағаттандырып, 10 млн теңге моральдық және 6 877 672 теңге материалдық шығын өндірді. Сот шешімінде жақын туысының қайтыс болуы талап қоюшының психологиялық жағдайына кері әсер еткені ескерілгені айтылды.

Ал Шерзат Полаттың өліміне қатысты сот процесінде жәбірленуші тарап сотталушылардан 660 млн теңгеден астам моральдық өтемақы талап еткен. Сот азаматтық талаптың бір бөлігін қанағаттандырып, жалпы сомасы 120 млн теңге өндіру туралы шешім шығарды. Оның ішінде Абзал Шынасылдан үш жәбірленушінің әрқайсысына 20 млн теңгеден, Равиль Сакиевтен екі жәбірленушінің пайдасына 15 млн теңгеден және қалған сотталғандармен бірлесіп төленетін тағы 30 млн теңге белгіленді. Бұл шешім 2025 жылғы 19 тамызда апелляциялық сатыда өзгеріссіз қалды.

Екі істің арасында көзге бірден түсетін айырмашылық бар. Бірінде талапкер 1,5 млрд теңге сұрап, 10 млн теңге өндірсе, екіншісінде жәбірленуші тараптың 660 млн теңгеден астам талабы бойынша 120 млн теңге белгіленді.

(Жалғасы 5-бетте)

БАЗЫНА

Бала – мемлекеттің ертеңі, ұлттың болашағы. Сондықтан кез келген өркениетті қоғамның басты міндеті – әрбір баланың бақытты балалық шағы мен тең құқылы дамуын қамтамасыз ету.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДА МӘСЕЛЕ КӨП

Бүгінгі таңда елімізде ерекше білім беруді және ерекше күтімді қажет ететін балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғау мәселесі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау, оларға кедергісіз орта қалыптастыру және инклюзивті қоғам құру қажеттілігін үнемі баса айтып келеді. Соған қарамастан, бұл салада құқықтық, медициналық және білім беру тұрғысынан шешімін күткен өзекті мәселелер әлі де аз емес.

Бүгінгі таңда қоғамда «Ерекше балаларды қорғау туралы заңның қабылдануы неге кешеуілдеп жатыр?» деген орынды сұрақ жиі қойылады. Осыған байланысты, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау туралы арнайы заңның қабылдануын барынша жеделдету қажет. Бұл құжат салалық бағдарламалардың бытыраңқылығын жойып, медициналық, әлеуметтік және білім беру салаларын бір арнаға тоғыстыратын біртұтас құқықтық негіз болуы тиіс.

Біздің қолданыстағы заңнамамызда адамға қандай да бір тиесілі игілікті немесе көмекті үкіметтен пайдалану үшін оны сан мәрте «дәлелдеу» жүйесі қалыптасқан. Мүгедектікті растау, құжат жинау және ПМПК сынды инстанциялардан өту – ерекше бала өсіріп отырған отбасылар үшін нағыз тар жол, тайғақ кешумен тең. Мемлекеттік қолдауға қол жеткізудің бұл күрделі механизмі әлеуметтік және құқықтық қорғау саласындағы шұғыл заңнамалық реформаларды қажет етеді.

Әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесіндегі тағы бір үлкен қайшылық пен әділетсіздік – көпбалалы аналарды марапаттау және олардың мәртебесін айқындау заңнамасында көрініс тауып отыр. Мысалы, өмірде орын алған нақты бір жағдайға тоқталсақ: бір кейуананың 7 баласы болған, алайда оның біреуі 13 жасында жол апатынан қайтыс болған. Үкімет бұл анаға тек көзі тірі алты баласы үшін ғана «Күміс алқа» марапатын берген. Қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес, қайтыс болған балалар тек қызмет бабында (әскери қызмет немесе қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде) немесе соған ұқсас өте шектеулі жағдайларда ғана жалпы бала санына қосылады екен. Бұл – перзентінен айырылып, қабырғасы қайысқан ананың құқығын шектеу және үлкен әділетсіздік. Перзентінің қазасы қандай жағдайда болмасын, ол сол ананың құрсағынан шығып, дүниеге келген баласы болып қала береді. Заңдағы мұндай бюрократиялық шектеулер мен кемшіліктер шұғыл түрде жойылып, ана мәртебесін анықтауда туған әрбір перзент есепке алынуы тиіс.

Құқықтық қорғауды сапалы деңгейге көтеру үшін жаңа заңнамалық актілерде «ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасы» деген арнайы мәртебені (категорияны) ресми түрде енгізу қажет. Мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік көмектер тек ата-ананың біреуіне ғана емес, тұтастай отбасына бағытталуы тиіс.

* Бауырларға қолдау: Ерекше баланың отбасындағы басқа да балалардың (бауырларының) мүдделерін ескеріп, олар үшін де арнайы әлеуметтік игіліктер мен психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын қарастыру маңызды.

(Жалғасы 2-бетте)

БАЗЫНА

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДА МӘСЕЛЕ КӨП

(Соңы. Басы 1-бетте)

* Құқықтық қорғауды қатаңдату: Сонымен қатар, ерекше балаларға қатысты жасалған кез келген қылмыстық яки әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін заңнамаға арнайы бап енгізілгені жөн. Баланың ерекше қажеттілігі бар екендігі жазаны ауырлататын, қатаңдататын мән-жай ретінде танылуы тиіс.

Ерекше бала өсіріп отырған отбасылардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі ең басты қадам – олардың еңбек құқықтарын қорғау. Қазіргі таңда бала күтімі мен жұмысты қатар алып жүру ата-аналарға үлкен салмақ салып отыр. Осы ретте, ҚР Еңбек заңнамасына түбегейлі өзгеріс енгізу қажеттілігі туындап отыр. Нақтырақ айтқанда, ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасында әкесіне немесе анасына толық жалақысын сақтай отырып, толық емес жұмыс күні еңбек ету мүмкіндігін заңмен беру керек. Бұл мәселені шешуді жұмыс берушінің еркіне немесе қалауына қалдырмай, Еңбек кодексінде императивті (міндетті) норма ретінде нақты бекіту қажет. Сонда ғана ата-аналардың бірі баланың күнделікті емі мен дамуына уақыт бөле алады, әрі отбасының қаржылық табысы ортаймайды.

Әлеуметтік бейімделудің ең үлкен кедергілерінің бірі – қалалық инфрақұрылымның, соның ішінде Инватакси қызметінің жүйесіз жұмысы. Қазіргі уақытта инватакси логистикасы мен қолжетімділігі айтарлықтай ақсап тұр. Ерекше балаларды мектепке, оңалту орталықтарына дер кезінде және кептеліссіз жеткізу үшін инватакси көліктеріне қоғамдық автобус жолағымен (Bus lane) жүруге ресми түрде рұқсат берілуі керек. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, баланың денсаулығы мен жайлылығына тікелей оң әсер етеді.

Қазақстанда инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері бекітілгенімен, мектеп қабырғасында оның іске асуында қиындықтар жеткілікті. Мектептерде, әсіресе арнайы түзету мекемелерінде баламен тікелей жұмыс істейтін логопедтер, дефектологтар, педагог-психологтар мен тьюторлардың (жеке көмекшілердің) жетіспеушілігі қатты сезіледі. Сонымен қатар, мектеп мамандарының ата-анамен тығыз байланыс орнату тетіктері толық жолға қойылмаған. Баланың даму динамикасын бақылау және үй жағдайында қолдау көрсету бойынша кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесін күшейту қажет.

Ерекше балалардың көбі ерте жастан бастап күрделі оталарды (мысалы, жүрек ақаулары мен туа біткен өзге де патологиялар бойынша) бастан өткереді. Мұндай балаларға тұрақты, үздіксіз және кешенді оңалту (реабилитация) қажет. Алайда, мемлекеттік тегін оңалту орталықтарына кезек өте үлкен, ал тегін курстар жылына тек 1-2 рет қана беріледі. Бұл бала денсаулығының оң динамикасы үшін жеткілісіз. Заң бойынша ерекше балалар тегін дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілуі тиіс болса да, іс жүзінде ата-аналар көптеген қажетті препараттарды өз қаражатына сатып алуға мәжбүр. Заманауи орталықтардың негізінен ірі мегаполистерде шоғырлануы аймақтардағы балалардың құқығын шектеп отыр.



Әлемде орын алған нақты бір жағдайға тоқталсақ: бір кейуананың 7 баласы болған, алайда оның біреуі 13 жасында жол апатынан қайтыс болған. Үкімет бұл анаға тек көзі тірі алты баласы үшін ғана «Күміс алқа» марапатын берген. Қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес, қайтыс болған балалар тек қызмет бабында (әскери қызмет немесе қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде) немесе соған ұқсас өте шектеулі жағдайларда ғана жалпы бала санына қосылады екен. Бұл – перзентінен айырылып, қабырғасы қайысқан ананың құқығын шектеу және үлкен әділетсіздік. Перзентінің қазасы қандай жағдайда болмасын, ол сол ананың құрсағынан шығып, дүниеге келген баласы болып қала береді. Заңдағы мұндай бюрократиялық шектеулер мен кемшіліктер шұғыл түрде жойылып, ана мәртебесін анықтауда туған әрбір перзент есепке алынуы тиіс.

Не істеу керек?

Ерекше балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеру үшін мынадай шаралар қабылдануы тиіс:

1. Заңнаманы жеделдету: Ерекше балаларды кешенді қолдау туралы арнайы заңның қабылдануын жеделдетіп, бюрократиялық дәлелдеу процестерін жою.

2. Әділетсіздіктерді жою: Көпбалалы аналардың мәртебесін айқындауда және марапаттауда қайтыс болған балалардың себебіне қарамастан, оларды жалпы санға толық қосу ережесін енгізу.

3. Еңбек заңнамасын реформалау: Ата-ананың біріне толық жалақыны сақтай отырып, қысқартылған жұмыс уақытын беретін міндетті (императивті) норманы Еңбек кодексіне енгізу.

4. Отбасылық мәртебе енгізу: Игіліктерді тұтас отбасына бағыттап, «Ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасы» категориясы мен бауырларына қолдау жүйесін бекіту.

5. Қорғау тетіктерін күшейту: Ерекше балаларға қарсы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті заң деңгейінде қатаңдату.

6. Кедергісіз логистика: Инватакси қызметін ретке келтіріп, оларға автобус жолағымен жүру құқығын беру.

Бала құқығын қорғау – мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Ерекше балалардың отбасымен бірге қоғамнан тыс қалмай, тең құқылы өмір сүруіне жағдай жасау арқылы ғана біз шынайы әділетті қоғам құра аламыз.

Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ,
құқық магистрі

КӨКЕЙКЕСТІ

ЕСІРТКІ ЖАСЫРҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТЫЛҒАНДАРДЫҢ 80%-ДАН АСТАМЫ ЖАСТАР

Есірткі заттарын «закладка» тәсілімен таратқаны үшін істі болып жатқандар аз емес. Зиянды заттарды белгілі жерлерге жасырып, кейін сатып алушыларға геолокация немесе фотосурет жіберетін адамдар өз әрекетінің заңға қайшы екенін біледі. Бірақ жеңіл ақшаға қызығушылық, құқықтық жазадан хабардың жоқтығы, ең бастысы болашағына бейжай қараудың соңы осындай теріс жолды таңдауына түрткі болуда.



Есірткі таратудың бұл әдісі есірткі қылмысының сипатын айтарлықтай өзгертті. Бұрын сату негізінен сатушы мен сатып алушы арасында тікелей жүргізілсе, бүгінгі заңсыз айналым көбінесе қатысушылардың күрделі желісі арқылы ұйымдастырылады. Есірткі саудасына қатысушылардың әрқайсысы белгілі бір функцияны орындайды, мәселен бірі жеткізуді ұйымдастырса, екіншісі есірткіні орау, кейінгісі оларды жасырынған жерлерге орналастыру немесе дистрибьюторлардың қызметін үйлестіруге бейімделген.

Ішкі істер министрлігі мен құқық қорғау органдарының ресми мәліметіне сай есірткі жасырғаны («закладчиктер» немесе курьерлер) үшін ұсталып, жауапқа тартылғандардың 80%-дан астамы 18 бен 25 жас аралығындағы жастар. Соңғы жылдары бұл қылмысқа тіпті 14-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің тартылуы жиілеген. Уақытының көбін ғаламторда өткізетін жастар интернеттегі «Жеңіл жұмыс, бір күнде 100-150 мың теңгені оңай тап!» деген мазмұндағы жарнамаларға сеніп, немесе жанындағы дос, құрбыларының айтуымен қылмысқа қадам жасап жатады. Одан бөлек әлеуметтік жағдайы төмен, жұмыссыз жандардың да есірткі тасымалдаушы болып қаржылық мәселесін жедел шешуді қалайтыны байқалады. Бұрын Қылмыстық кодекстің 297-бабымен тек ер азаматтар жауапқа тартылатын болса, кейінгі кезде бұл қатарға нәзік жандылардың да қосылғаны қоғамды алаңдатып отыр.

2026 жылдың қаңтарынан тамызына дейін Қазақстанда есірткіге байланысты шамамен 5500 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Олардың шамамен 1700-і сату мақсатында есірткіні заңсыз алу, сақтау және тасымалдау, сондай-ақ тікелей таратумен байланысты болды. Бұл сандар есірткінің заңсыз айналымы мәселесінің өзектілігін және оның алдын алуға кешенді тәсіл қажеттігін көрсетеді.

Мысалы Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотында Е.С. деген 28 жастағы азаматқа қатысты іс қаралды. Қылмыстық кодекстің 297-бабы 3-бөлігі 1), 3) тармағымен істі болған азамат бұрын сотты болмаған, отбасын құрмаған.

Сот отырысында анықталғандай Е.С. заңсыз жолмен пайда табу мақсатында аса ірі мөлшердегі психотроптық заттарды заңсыз иемденіп, сақтауға бағытталған қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін ұялы телефоны арқылы интернет желісіне қосылып, жасырын сегментте әрекет ететін интернет-ресурсына 2026 жылғы 21 наурыздан бастап кіре бастаған. Одан әрі «Telegram» мессенджері арқылы аталған интернет-дүкеннің тергеумен анықталмаған операторымен байланыс орнатып, психотроптық зат жасырылған орынның географиялық координаттарын алған. Қылмысты жасаудың алдын ала әзірленген тәсіліне сәйкес психотроптық заттар тергеумен анықталмаған тұлғамен алдын ала жасырын орынға орналастырылып, олардың орналасқан жерінің координаттары «Telegram» мессенджері арқылы Е.С.-ға жолданған. Полиция қызметкерлері ұстағанда азаматтан бір дана сыдырмалы пакеті тәркіленген. Оның ішінде түйіншек психотроптық зат болған.

Басты сот талқылауында сотталушы Е.С. өзіне тағылған айып бойынша кінәсін толық мойындап, айыптау актісінде баяндалған нақты мән-жайлармен және әрекетінің құқықтық сараланумен келісетінін түсіндірді. Есірткі заттарын тасымалдағалы тұрғанын білген Е.С. өзіне осы заттарды белгілі аумаққа тығып фотаға түсіріп жіберу жүктелгенін жеткізді. Полиция қызметкерлерінің қырағылығының арқасында қолға түспегенде ол таратқалы отырған есірткі заттары қанша адамның өмірін бұзатынын болжау қиын емес.

Сарапшы қорытындысына сәйкес алынған түйіншектің құрамында психотроптық зат бар екені анықталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №470 қаулысымен бекітілген есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын шағын, ірі және аса ірі мөлшерлерге жатқызу жөніндегі жиынтық кестеге сәйкес алынған психотроптық заты аса ірі мөлшерге жатады.

Істі жан-жақты саралай келе сотталушы Е.С. ҚК-нің 297-бабы 3-бөлігінің 1), 3) тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды.

Міне осы бір мысалдың өзі оңай ақша опық жегізетінін, ойланбай жасалған әрекет құрдымға батыратынын көрсетеді. Сондықтан жастардың құқықтық сауатын арттырып, қылмыстан сақтандыру бойынша ақпараттық жұмыстарды тоқтатпау керек. Жалпы, «жасырын орынға салушы» болудың заңсыз екенін, мұндай кәсіптің соңы міндетті түрде темір торға әкелетінін азаматтарға ұдайы түсіндіріп отыру артықтық етпейді.

Н.ЖАНЫБЕКОВА,
Өскемен қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭНЕРГЕТИКА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ІРГЕТАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Энергетика – экономиканың күретамыры. Электр қуаты жеткіліксіз елде өндіріс өркендемейді, жаңа технологиялар дамымайды, инвестициялық әлеует те толық ашылмайды. Өйткені бүгінгі энергетика – зауыттардың жұмыс істеуінен бастап, ауыл шаруашылығының дамуына, жасанды интеллект жүйелері мен деректерді өңдеу орталықтарының қызметіне дейінгі барлық бағыттың негізі. Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында энергетика саласына айрықша басымдық берілуі де осы қажеттіліктен туындайды. Бұл – уақыт талабынан туындаған шындық. Цифрлық экономикаға көшу, өндірісті автоматтандыру, жаңа кәсіпорындар ашу электр энергиясына деген сұранысты еселей түседі. Демек, энергетикалық қуаттарды арттыру – болашақ экономиканың іргетасын қалау деген сөз.

Бүгінде Қазақстан энергетика саласында ауқымды жаңғырту кезеңіне қадам басты. Отырыста баяндама жасаған Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің айтуынша еліміздің энергетикалық жүйесінде 254 энергия көзі бар. Оның 172-сі – жаңартылатын энергия көздері нысандары. Жалпы белгіленген қуат 27,1 ГВт-ты құрайды. Ал 2029 жылдың соңына дейін тағы 13,3 ГВт жаңа қуатты іске қосу жоспарланып отыр. Бұл болжамды сұранысты қамтамасыз етіп қана қоймай, генерациялайтын қуаттардың 20 пайыздық профицитін қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Алайда мұндай жоспарлардың орындалуы жаңа электр станцияларын салумен ғана шектелмеуі керек. Қолданыстағы нысандарды жаңғырту, тозған инфрақұрылымды қалпына келтіру, электр беру желілерінің өткізу қабілетін арттыру және өңірлер арасындағы энергетикалық теңгерімді қамтамасыз ету де маңызды. Комитет төрағасы Наталья Годунова осы мәселеге ерекше назар аударды. Оның сөзінен түйгеніміз, алдағы бес, он және жиырма жылда Қазақстан экономикасының қандай болатыны бүгін қабылданатын энергетикалық шешімдерге тікелей байланысты. Бұл жерде мәселе тек электр қуатын өндіру көлемінде емес. Ең бастысы, өндірілген энергияны тұтынушыға үздіксіз әрі тиімді жеткізе алатын жүйе қалыптастыру.

Қазақстанның энергетикалық болашағындағы маңызды бағыттардың бірі – атом энергетикасы. Мемлекет басшысы жолдауда Балқаш және Мойынқұм атом электр станцияларын салу жобаларын жеделдету міндетін қойған болатын. Құрылтай отырысында осы жобалардың жүзеге асу барысы туралы Атом энергиясы жөніндегі агенттік төрағасы Алмасадам Сәтқалиев баяндады.Ол келтірген мәліметтерге қарғанда, «Балқаш» АЭС жобасы бойынша инженерлік-іздестіру жұмыстары аяқталуға жақын. Қажетті халықаралық келісімдерге қол қойылған. Құрылыс жұмыстарын 2027 жылы бастау жоспарланып отыр. Ал «Мойынқұм» АЭС салынатын аумақ анықталып, тиісті үкіметаралық құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар отандық атом энергетикасы мен ядролық отын циклі саласындағы өндірістерді шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында уранның мемлекеттік стратегиялық резервін құру көзделіп отыр. Бұл – Қазақстанның табиғи ресурстарды экспорттаушы ел ретіндегі әлеуетін жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға бағыттау мүмкіндігі.

Атом энергетикасы – тек электр өндіретін нысан салу ғана емес, қауіпсіздік стандарттарын сақтау, білікті мамандар даярлау, технологиялар трансферті, ғылыми зерттеулер мен отандық өндірісті дамыту сияқты өзара байланысты міндеттер. Сөз алған депутаттар осыған назар аударып, атом электр станцияларының құрылысы елдің ғылыми-техникалық әлеуетін көтерумен қатар жүруге тиістігін атап көрсетті. Бұлай етпеген жағдайды стратегиялық маңызы бар жобаларда сыртқы технологиялар мен мамандарға тәуелділік сақталып қалуы мүмкін.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде дәстүрлі генерациямен қатар жаңартылатын энергия көздерінің де маңызы артып келеді. Депутаттардың айтуынша, қазіргі уақытта Құрылтай қарауында энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруға, сондай-ақ баламалы энергия көздерін дамытуға бағытталған екі заң жобасы бар. Бұл екі бағыт бір-бірін толықтырады. Бір жағынан, энергия ресурстарын ұтымды пайдалану қажет болса, екінші жағынан, энергия өндірудің баламалы мүмкіндіктерін кеңейту маңызды.

Жалпы энергетикалық тапшылықты тек жаңа станциялар салумен шешу мүмкін емес. Бұл тұрғыда өндірісте, коммуналдық шаруашылықта, тұрғын үйлерде энергияны үнемдеу мәдениетін қалыптастыру да өзекті. Осы орайда электр энергиясын жинақтау жүйелерін енгізу, энергетикалық желілерді теңгерімдеу және жаңартылатын энергия көздерінің тұрақсыз өндірісін реттеу де кезек күттірмейтін мәселелер қатарында.

Отырыста көтерілген тағы бір маңызды мәселе – энергетикалық жобалардың нақты орындалуы. Айтылған әңгімеден түйгеніміз қағаз жүзіндегі жоспар мен нақты іске қосылған қуаттың арасында үлкен жұмыс тұр. Мәселен, жаңа нысандардың құрылысы, қаржыландыру, технологиялық жабдықтау, инфрақұрылымдық дайындық, мамандармен қамтамасыз ету – мұның бәрі нақты үйлестіруді қажет етеді. Годунова ханым осыған байланысты әрбір жоба бойынша мерзімдер мен қаржыландыру көздері айқындалып, дербес жауапкершілік жүктелуі керектігін шегеледі. Сонымен бірге депутат заңнамалық кедергілерді жою, қажетті нормативтік актілерді қабылдау және жаңа заң нормаларының іс жүзінде қолданылуын қамтамасыз ету қажеттігінің маңызын атап көрсетті. Бұл – Құрылтайдың заң шығарушы орган ретіндегі жауапкершілігін де айқындайтын міндет болса керек. Себебі энергетика саласындағы реформалардың нәтижесі қабылданған заңдардың санымен емес, олардың ел өміріне әкелген нақты өзгерістерімен өлшенуге тиіс.

Тоқетерін айтқанда, Қазақстанның энергетикалық болашағы бүгінгі шешімдерге тәуелді. Сондықтан бұл саладағы әрбір жоба тек ведомстволық жоспар ретінде емес, елдің ұзақ мерзімді экономикалық қауіпсіздігіне салынған инвестиция ретінде қарастырылуы керек. Заңнамалық шешімдер мен қолға алынған істерде осы ұмытылмаса игі.

Айша ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

ЕРІКТІЛЕР ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Астанада Ұлттық волонтерлік желісінің экологиялық волонтерлік, жануарларды қорғау және төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету бағыттарындағы гранттық жобалардың қорытындысына арналған баспасөз конференциясы өтті.



Жобалар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүргізілді. Гранттарды беру жұмысын «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ұйымдастырды.

Шағын гранттар байқауына еліміздің барлық өңірінен 210 өтінім түсті. Іріктеу қорытындысында әр бағыт бойынша 10 бастамадан барлығы 30 жобаға қолдау көрсетілді.

Экологиялық волонтерлік Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында дамып келеді. Волонтерлер қоғамдық орындар мен су айдындарын қоқыстан тазартып, мектептерде экоклубтар құрды. Атап айтқанда, Алакөл жағалауынан 23 тоннадан астам қоқыс жиналып, 13 өңір мен қалада экологиялық іс-шаралар өтті.

Жануарларды қорғау бағытында үй жануарларына жауапкершілікпен қарауды насихаттауға және панажайларға көмектесуге арналған бастамалар қолға алынды. «Қыста құстарға көмектес» акциясы 20 өңірді қамтып, волонтерлер құстарға бір тоннадан астам жем берді. Жануарларға көмек көрсету үшін цифрлық құралдар да қолданылып келеді. Мәселен, «Найди друга» Telegram-боты панажайдағы жануарларға жаңа иелерін табуға көмектеседі.

Төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік жобалар тұрғындарды түрлі оқыс жағдайларға дайындап, көмек көрсетуді мақсат етеді. Мобильді волонтерлік топтарды даярлаудың бірыңғай бағдарламасы бойынша 2 мыңнан астам адам оқудан өтті. Сондай-ақ судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу, мүгедектігі бар адамдарды қауіпсіз жерге көшіру және шұғыл қызмет мамандарына психологиялық қолдау көрсету жөнінде іс-шаралар ұйымдастырылды.

Салада халықаралық тәжірибе алмасуға да мән беріледі. Бұл жұмыс төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік ынтымақтастықты және Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь пен Ресей волонтерлерінің қатысуымен бірлескен экологиялық акциялар өткізуді қамтиды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

«Қазақстан Республикасы Халықаралық автомобильмен тасымалдаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігі (КазАТО) 2026 жылғы 2 қарашада Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі өкілінің қатысуымен КазАТО мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткенін хабарлайды.

Жиналыс аясында КазАТО Президентін сайлау рәсімі өткізіліп, оның қорытындысы бойынша Одақ мүшелері Махсат Абдирулы Сактаганның кандидатурасын бірауыздан қолдады.

Одақ мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы туралы ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы КазАТО-ның ресми сайтында оқып танысуға болады:

https://kazato.kz/posts/provedenie-obshego-sobraniya-chlenov-kazato



БАҒДАР

Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауы ел дамуының алдағы бағытын айқындаумен қатар оны жүзеге асыруда мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылына да жаңа талап қойып отыр. Өйткені, кез келген стратегиялық құжаттың түпкі нәтижесі азаматтардың күнделікті өмірінен қаншалықты көрініс тапқанымен өлшенеді.

ҚОҒАММЕН ДИАЛОГҚА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Халық Кеңесі төрағасының Ақмола облысындағы жұмыс сапарының мәні ерекше деуге болады. Онда Ерлан Қошанов қоғам өкілдерімен, еңбек ұжымдарымен, ғалымдармен, студенттермен және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен кездесіп, жолдауда белгіленген басымдықтарды өңірдің нақты жағдайымен байланыстыра талқылады.

Бүгінде қоғамға реформалардың мазмұнын айтып қана қою жеткіліксіз, азаматтың олардан өз өміріне қандай нәтиже болатынын жеткізу керек. Ауыл тұрғыны үшін – жұмыс пен табыс, кәсіпкер үшін – нарық пен мүмкіндік, жас үшін – білім мен болашақ, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасы үшін – қолжетімді орта мен сапалы қолдау маңызды.Сондықтан Жолдауда айтылған экономикалық және технологиялық жаңғырудың әлеуметтік нәтижесі қатар жүруі тиіс.

Соңғы жылдары Қазақстанда әлеуметтік инфрақұрылымды жаңартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілді. Ендігі міндет – қол жеткізілген көрсеткіштермен шектелмей, экономикалық өсімнің жаңа сапасына көшу. Осы тұрғыда жолдауда көлік-логистика, энергетика, құрылыс және цифрлық экономика бағыттарына ерекше мән берілді. Ірі ұлттық жобалар тек ауқымды нысандар салумен аяқталмауы керек. Олардың айналасында жергілікті кәсіпкерлік дамып, жаңа жұмыс орындары ашылып, отандық өндіріс пен қызмет көрсету саласына сұраныс қалыптасуы маңызды. Халық Кеңесінің отырысында бұл жайлы айтылып, бір жобаның әсері бір нысанмен шектелмей, тұтас экономикалық тізбекке тарауы тиістігінің өңірлер үшін аса маңызды екені орынды атап көрсетілді.

Ақмола облысындағы Digital Aqmola орталығының жұмысы да жаңа кезеңнің талабын көрсетеді. Цифрлық технология қауіпсіздік пен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру құралы ғана емес, азаматтың мүмкіндігін кеңейтетін тетікке айналуы керек. Әсіресе ауыл мен қала арасындағы мүмкіндік алшақтығын азайтуда цифрландырудың әлеуеті зор. Ауылда тұратын жас интернет арқылы білім алып, жұмыс істей алса, шағын кәсіпкер өз өнімін басқа өңірдегі тұтынушыға ұсына алса, бұл – цифрлық экономиканың нақты нәтижесі. Демек, цифрландырудың басты көрсеткіші қанша платформа немесе қанша жаңа технология енгізілгенімен ғана өлшенбеуі тиіс. Оның басты өлшемі – адамға қанша жаңа мүмкіндік бергені.

Digital Aqmola жобасының қылмыс деңгейін төмендетуге ықпалы, заңсыз шығарылған қаражат есебінен әлеуметтік нысандардың салынуы сияқты мысалдар мемлекеттік саясаттың нақты істер арқылы көрінетінін аңғартады. Бірақ тәртіп пен адалдықты тек мемлекеттік институттардан талап ету жеткіліксіз. Қошанов мырза атап өткендей, бұл құндылықтар қоғамдық ортада, отбасында, мектепте, еңбек ұжымында орнығуы керек. «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» ұғымдары ұран деңгейінде қалмай, күнделікті мінез-құлық мәдениетіне айналғанда ғана өзінің толық мәнін ашады.

Ақмола облысындағы кездесулердің тағы бір маңызды тұсы – Халық Кеңесінің қоғаммен тікелей диалогқа басымдық беруі. Бар болғаны бір ай бұрын жұмысын бастаған Кеңестің өңірлерге барып, халықтың ұсынысын тыңдауы – кері байланыстың маңызын көрсетеді. Мемлекеттік бастамалар жоғарыдан төмен қарай түсіндіріліп қана қоймай, төменнен жоғары қарай ұсыныстармен толықтырылуы қажет. Осы орайда Халық кеңесінің төрағасы қоғам өкілдерінің пікірін тыңдаудың формалды кездесу емес, нақты шешімдерге ықпал ететін құралға айналуы маңызды екенін мәлімдеді. Ол бұл ойын әр өңірдің өз ерекшелігі барлығымен байланыстырды. Оның айтуынша, Ақмола облысы үшін агроөнеркәсіп, туризм, өнеркәсіп, энергетика, көлік-логистика, елордамен іргелес аумақтардың дамуы секілді мәселелер өзекті. Ал мұндай мәселелерді сол өңірде тұратын адамдардан артық ешкім сезіне алмайды. Сондықтан Халық Кеңесінің жұмысының нәтижесі қанша кездесу өткізілгенімен емес, сол кездесулерден кейін қандай ұсыныстар нақты іске айналғанымен бағаланбақ.

Бүгін Қазақстан жаңа тарихи кезеңге аяқ басып отыр. Бұл кезең технологиялық жаңғыруды ғана емес, қоғамдық қатынастардың да сапалық өзгерісін талап етеді. Ақмола облысындағы кездесулер осы міндеттің қоғамды тыңдау, өңірдің ерекшелігін ескеру және ұсыныстарды нақты шешімге айналдырудың маңызды бағытын көрсетті.

А. ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СОТ ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Президент Жолдауында сот жүйесін дамыту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету және инвестициялық дауларды әділ шешу мәселелеріне ерекше назар аударылды.



Перизат АМАНБАЕВА, Әуезов аудандық соты әкімшісінің басшысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің алдағы даму бағыттарын айқындап қана қоймай, құқықтық жүйені заман талабына сай жетілдірудің маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Әсіресе, сот жүйесіне қатысты айтылған бастамалар ерекше назар аударуға тұрарлық. Өйткені әділ сот төрелігі – құқықтық мемлекеттің негізі, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты кепілі. Сот жүйесінің тиімділігіне тек қабылданған шешімдер арқылы ғана емес, қоғамның сотқа деген сенімі мен заң алдындағы теңдік қағидатының нақты сақталуы арқылы баға беріледі.

Жолдаудағы маңызды бастамалардың бірі – Алатау қаласында арнайы сот жүйесін қалыптастыру. Президенттің айтуынша, қаланың инвестиция мен кәсіпкерлікке қолайлы халықаралық орталық ретінде дамуы үшін ең алдымен тиімді сот төрелігі қамтамасыз етілуі қажет. Осы мақсатта коммерциялық дауларды ағылшынның жалпы құқық моделіне негізделген инвестициялық сотта қарау ұсынылды. Ал арнайы құқықтық режимге қатысты өзге мәселелер азаматтық соттың құзыретіне берілмек.

Бұл бастама Қазақстанның халықаралық инвестициялық кеңістіктегі құқықтық тартымдылығын арттыруға бағытталған. Себебі кез келген инвестор үшін қаржы салатын елдің экономикалық әлеуетімен қатар, құқықтарының қаншалықты қорғалатыны, даулы жағдайлар туындаған кезде әділ әрі кәсіби шешім қабылданатыны аса маңызды.

Инвестициялық соттың құрылуы коммерциялық дауларды шешуде жаңа тәжірибенің қалыптасуына жол ашуы мүмкін. Сонымен бірге бұл бастаманы іске асыру барысында сот тәуелсіздігі, процестік кепілдіктер, тараптардың теңдігі және сот шешімдерінің орындалуы сияқты негізгі құқықтық қағидаттардың толық сақталуы маңызды.

Президент Үкіметке 2027 жылдың қаңтар айының соңына дейін «Алатау қаласының арнайы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға тиісті өзгерістерді Құрылтайдың қарауына енгізуді тапсырды. Бұл – жаңа сот құрылымының құқықтық негізін қалыптастырудағы маңызды кезең.

Жалпы, сот жүйесін дамыту тек жаңа сот құрылымдарын құрумен шектелмеуі керек. Оның басты мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғау сапасын арттыру, сот ісін жүргізудің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, заңдылық пен әділдік қағидаттарын нығайту.

Қазіргі кезеңде сот саласындағы цифрландырудың да маңызы артып келеді. Электрондық сот төрелігі, ақпараттық технологияларды пайдалану, сот процестерінің ашықтығы азаматтардың сот қызметтеріне қол жеткізуін жеңілдетіп, уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді. Дегенмен цифрлық шешімдер сот төрелігінің адамға бағдарланған сипатын алмастырмауы тиіс. Кез келген технология заң талаптарына, азаматтардың құқықтары мен дербес деректерінің қорғалуына сай қолданылуы қажет.

Сот жүйесінің алдында тұрған тағы бір маңызды міндет – қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру. Азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы білген сайын, құқық бұзушылықтардың алдын алу, дауларды заң аясында шешу және сотқа жүгіну мәдениеті де қалыптасады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тұрақтылықты нығайтады.

Меніңше, Жолдауда айтылған сот жүйесіне қатысты бастамалардың негізгі мәні – әділдік қағидатын институционалдық тұрғыдан нығайту. Соттың беделі оның атауымен немесе құрылымымен емес, әрбір істің заңға сәйкес, бейтарап әрі әділ қаралуымен қалыптасады.

Құқық үстемдігі орныққан мемлекетте азамат та, кәсіпкер де, мемлекеттік орган да заң алдында тең болуы тиіс. Ал сот төрелігінің басты міндеті – осы теңдікті нақты іспен қамтамасыз ету.

Сондықтан Жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру сот жүйесінің жаңа даму кезеңіне жол ашып, еліміздегі құқықтық мемлекеттілік қағидаттарын одан әрі нығайтуға қызмет етеді деп сенемін.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БЕЗБЕН

Тұрғын үй даулары – бұл құқықтық қатынастар субъектілерінің тұрғын үй құқықтары мен міндеттерін іске асыруға байланысты туындайтын қақтығыс, келіспеушіліктер. Азаматтар бұзылған құқықтарды қорғау мақсатында сотқа жиі жүгінетін істердің бір санаты – осы тұрғын үй құқықтық қатынастарында туындайтын даулар.

ДӘЛЕЛДЕУ АУЫРТПАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНҒА ЖҮКТЕЛГЕН



Б.СУЛЕЙМЕНОВА, Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Субъектінің құрамына байланысты олар азаматтық немесе әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін. Егер дау әкімшілік органның (мысалы, әкімдіктің) шешіміне, әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымданумен байланысты болса, ол әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің шеңберіндегі тұрғын үй даулары олар жария-құқықтық қатынастардан – яғни азаматтар (немесе заңды тұлғалар) мен мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы әкімдіктер немесе тұрғын үй комиссиялары арасында туындаған кезде қаралады.

Мұндай даулардың материалдық-құқықтық негізін тұрғын үй беру, есепке қою, жекешелендіру тәртібін және тұрғын үй қатынастарының басқа да мәселелерін реттейтін «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР заңы құрайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде соттар істерді мынадай санаттар бойынша қарайды: мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қоюдан бас тартуды заңсыз деп тану туралы, тұрғын үй кезегінен бас тартуды заңсыз деп тану туралы, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беруден бас тартуды даулау туралы, тұрғын үй комиссияларының шешімдерін даулау туралы, азаматтардың өтініштерін қарау кезінде әрекетсіздікті заңсыз деп тану туралы, тұрғын үй төлемдерін немесе субсидияларды беру туралы өтініштерді қарау кезінде мемлекеттік органдардың әрекетсіздігі және т. б. Осылайша, әкімшілік акт немесе оны қабылдау процесі сот бақылауының нысанасы болып табылады.

ӘРПК-нің соттың белсенді рөлі қағидаты бойынша сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді бағалаумен шектелмейді, қосымша материалдарды өз бетінше талап етуге, рәсімдік талаптардың сақталуын тексеруге және қабылданған шешімнің мөлшерлестігін бағалауға құқылы. Бұл қағидат азамат мемлекеттік органмен салыстырғанда аз қорғалған жағдайда болатын тұрғын үй дауларында өте маңызды.

ӘРПК-нің ережелеріне сәйкес, әкімшілік актінің заңдылығын дәлелдеу міндеті әкімшілік органға жүктеледі. Демек, бас тартудың немесе басқа даулы шешімнің заңдылығын әкімшілік органның өзі дәлелдеуі тиіс. Бұл ереже азаматтар үшін іс жүргізу кепілдіктерін күшейтеді және мемлекеттік және жеке мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырады.

Сот әкімшілік актіні тек заңға ресми сәйкестік тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар заңдылық, мөлшерлестік, ақылға қонымдылық және азаматтардың мемлекетке деген сенім құқығын қорғау қағидаттарына сәйкес бағалайды. Бұл соттық қараудың аясын кеңейтеді және тұрғын үй құқықтарын жан-жақты қорғауды қамтамасыз етеді.

ӘРПК-нің прогрессивті сипатына қарамастан, тәжірибеде бірқатар проблемалық мәселелер бар. Олар: әкімшілік органдардың жеткілікті түрде негізделмеген шешімдері, азаматтардың өтініштерін үстірт қарауы, сот шешімдерін орындаудағы кідірістер.


ӘРПК-нің енгізілуі Қазақстанда әкімшілік әділеттің дамуындағы маңызды кезең болды. Әкімшілік тәртіппен қаралған тұрғын үй даулары сот қорғауының тиімді тетіктеріне ие болды.

Дәлелдеу ауыртпалығын қайта бөлу, соттың белсенді рөлі және әділ әкімшілік рәсім қағидаттарының орнығуы азаматтардың тұрғын үйге қатысты конституциялық құқығын іске асыру кепілдіктерін нығайтуға ықпал етеді.

КИЕ

АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ТЕГІН

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы – заң талаптарын орындау ғана емес, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру мен әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі.



ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл – оның мемлекеттік басқару, заң шығару, сот төрелігі және қоғамдық қатынастар салаларындағы негізгі орнын айқындайтын конституциялық норма.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі ерекше. Себебі сот – азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіретін, заңдылық пен әділдіктің сақталуын қамтамасыз ететін маңызды мемлекеттік институт. Сондықтан сот процесінде қолданылатын тілдің түсінікті, сауатты әрі заң талаптарына сай болуы сот төрелігінің сапасына тікелей әсер етеді.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 14-бабына сәйкес, азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады.

Ал Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүзеге асырылатыны көрсетілген. Бұл ретте іске қатысушылардың тілдік құқықтары да заңмен қорғалған. Іс жүргізу тілін жеткілікті деңгейде білмейтін азаматтарға ана тілінде немесе өздері меңгерген басқа тілде түсініктеме беруге, өтінішхаттар мен шағымдар жасауға, аудармашының көмегін тегін пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Осы нормалардан сот жүйесінде мемлекеттік тілдің басымдығы мен азаматтардың тілдік құқықтарын қорғау қағидаттары өзара сабақтас екенін көреміз. Яғни, мемлекеттік тілді дамыту өзге тілде сөйлейтін азаматтардың заңды құқықтарын шектеу дегенді білдірмейді. Керісінше, әрбір адамның сотта өз ойын еркін жеткізіп, істің мән-жайын толық түсінуіне жағдай жасау – әділ сот төрелігінің негізгі талаптарының бірі.

Дегенмен мемлекеттік тілдің сот саласындағы қолданысын тек заңнамалық нормалармен шектеуге болмайды. Оның нақты қолданысы сот отырыстарында, сот актілерін әзірлеуде, іс жүргізу құжаттарын рәсімдеуде және азаматтармен қарым-қатынас жасауда көрініс табуы тиіс.

Әсіресе, сот шешімдері мен үкімдердің мемлекеттік тілде сауатты, түсінікті әрі заң терминологиясына сай жазылуы маңызды. Өйткені сот актісі – жай ғана құқықтық құжат емес, ол азаматтың тағдырына, құқығы мен заңды мүддесіне тікелей әсер ететін ресми шешім. Сондықтан ондағы әрбір сөздің, әрбір құқықтық тұжырымның нақты әрі мағыналық тұрғыдан дұрыс берілуі үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Бұл бағытта судьялардың, сот қызметкерлерінің, адвокаттар мен заңгерлердің кәсіби тілдік даярлығы айрықша маңызға ие. Заң саласындағы терминдерді біріздендіру, мемлекеттік тілдегі құқықтық құжаттардың сапасын арттыру, мамандардың қазақ тілінде кәсіби сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіру – үнемі назарда болуы тиіс міндеттер.

Сонымен қатар цифрландыру дәуірінде сот жүйесінің мемлекеттік тілдегі ақпараттық ресурстарын дамыту да өзекті. Электрондық сот сервистерінің, ақпараттық жүйелердің, азаматтарға арналған нұсқаулықтар мен түсіндірмелердің қазақ тілінде қолжетімді болуы халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Менің пайымдауымша, сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – тек тіл саясатының емес, жалпы құқықтық реформалардың маңызды бөлігі. Өйткені азамат заңды өзіне түсінікті тілде қабылдағанда ғана өзінің құқығы мен міндетін терең ұғына алады. Ал сот шешімінің мазмұнын түсіну – әділдікке деген сенімнің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың бірі.

Қымбат СӘРСЕНОВА, Ақтөбе қалалық сот әкімшісінің бас маманы– сот отырысының хатшысы

ЖЕГІҚҰРТ

ӘЛЕУМЕТТІК ДЕРТТІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕМЕСІН!

Қазіргі таңда әрбір дамыған мемлекеттің алдында тұрған ең басты сынақтың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл әлеуметтік дерттің тамыры тереңге кетсе, ол елдің экономикасын ғана емес, ең бастысы, азаматтардың әділдікке деген сенімін шайқалтады.

«Заң мен тәртіп» қағидаты үстемдік құрған қоғамда парақорлық пен заңсыздыққа орын болмауы тиіс. Алайда, бұл мәселемен тек қатаң жазалау шаралары арқылы ғана күресу жеткіліксіз. Ең әуелі қоғамдық сананы өзгерту – уақыт талабы. ҚР Конституциясы бойынша заң алдында барлық азамат тең. Алайда тұрмыстық деңгейде немесе қызмет бабында кейбір тұлғалардың мәселені заңсыз жолмен шешуге тырысуы – құқықтық сананың әлі де толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Пара беру немесе алу – бұл тек қылмыстық кодекс баптарының бұзылуы ғана емес, бұл – бүкіл қоғамның мүддесіне жасалған қиянат. Әрбір заңсыз әрекеттің артында сапасыз салынған нысандар, әділетсіз бөлінген қаржы, өз құқығын қорғай алмаған қарапайым азаматтар тұрады. Қылмыстың кішісі болмайды, ал «ұсақ пара» деп қаралатын әрекеттердің өзі үлкен жүйелік дағдарыстың бастауы болып табылады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда да жемқорлық инвестициялық ахуалды нашарлатып, адал бәсекелестікті тұншықтырады. Нәтижесінде халықтың әлауқаты артуы тиіс қорлар орта жолда «көлеңкеде» қалып қояды. Ал құқықтық сананы қалай оятамыз? Жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолы – қоғамда «параға төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру.

Құқықтық тәрбие отбасы мен мектептен басталуы тиіс. Бала кезінен бастап еңбектің адалдығын, әділдік пен заңды сыйлауды санаға сіңіру маңызды. Жас ұрпақ «парамен бәріне қол жеткізуге болады» деген теріс көзқараста емес, «білім мен маңдай тер ғана биікке жетелейді» деген қағидатпен өсуі тиіс.

Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі, процестердің шапағаты мен ашықтығы адам факторын азайтып, жемқорлыққа жол бермейтін басты тетікке айналуда. Әрбір азамат мемлекетпен қарым-қатынаста бюрократиялық кедергілердің азайғанын сезінуі қажет.

Заң – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің темірқазығы. Ал оны құрметтеу және қорғау – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы. Пара – уақытша жеңістің алдамшы жолы, ал адалдық пен заң үстемдігі – ұзақ мерзімді даму мен жарқын болашақтың жалғыз кепілі. Құқықтық санамыз оянған күн ғана – таза, әділ әрі гүлденген қоғамның іргетасы болмақ.


Бауржан АЛИМБАЕВ, Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы–сот мәжілісінің хатшысы

САРАП

МОРАЛЬДЫҚ ЗАЛАЛДЫ ЕСЕПТЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ФОРМУЛАСЫ ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ бұл сандарды тікелей салыстырып, бір соттың шешімі әділетті, екіншісі әділетсіз деуге болмайды. Өйткені талап қоюшылардың саны, олардың әрқайсысына келтірілген шығын, жауапкерлердің әрекетіне берілген құқықтық баға мен істің өзге де мән-жайлары бірдей емес. Дегенмен осы істер қоғамда маңызды сұрақ туғызды. Моральдық шығынның мөлшері қалай анықталады? Бірдей сипаттағы оқиғаларда өтемақы сомасының айырмашылығы неден туындап отыр?



Ортақ өлшем енгізу өзекті

Бұл сұраққа пікір білдірген адвокат Мәди Көшікбаевтың айтуынша, талапкерлердің сұраған сомасы мен сот өндірген өтемақы арасындағы айырмашылыққа моральдық шығынды бағалаудың ортақ өлшемінің заңнамада нақты бекітілмеуі себеп болып отыр.

Мәди Көшікбаев, адвокат: «Талапкерлер моральдық шығынды өтеу ретінде көбінесе миллиондаған соманы талап етеді. Бірақ соттар олардың тек аз ғана бөлігін өндірумен шектеледі. Мұның себебі дәлелдің жеткіліксіздігінде емес. Негізгі мәселе – заңнамада моральдық шығынның мөлшерін айқындаудың нақты әрі бірыңғай өлшемі жоқ. Моральдық шығын – әр адамға тән жеке сезім мен жан күйзелісі. Оған адамның ішкі қайғысы, жан азабы, тән азабы немесе жай ғана көңіл-күйінің бұзылуы жатуы мүмкін. Мұндай сезімдерді ақшамен өлшеу немесе белгілі бір мөлшерлемеге, айлық есептік көрсеткішке байлап қою оңай емес. Жәбірленуші өзі басынан өткерген жағдайға, тартқан азабына қарай моральдық шығынның мөлшерін бағалайды. Ал сот бұл жағдайға сырттай баға беріп, келтірілген шығынның ақшалай өтемін істің нақты мән-жайларына қарай анықтайды».

Адвокаттың пікірінше, моральдық шығынның түрі мен ауырлық дәрежесі де әртүрлі. Мәселен, денсаулыққа шығын келтіру салдарынан туған күйзеліс пен жақын адамынан айырылуға байланысты қайғыны бір өлшеммен бағалау мүмкін емес. Соттар бұған қоса, осыған ұқсас істер бойынша қалыптасқан тәжірибені, шығын келтірушінің кінә дәрежесін, әрекеттің қасақана немесе абайсызда жасалғанын ескеруі керек.

Осы тұста мәселенің екі жағы көрінеді. Бір жағынан, нақты өлшемнің болмауы сот шешімдерінің арасында айырмашылық туғызуы мүмкін. Екінші жағынан, моральдық шығынның табиғаты әр адамға тән болғандықтан, барлығына бірдей соманы белгілеу де әділетті шешім бола бермейді.

Сот саласында ұзақ жыл еңбек еткен, қазіргі кезде адвокаттық қызмет атқаратын Адайбек Беймбетов те моральдық шығын мөлшерін анықтауда істің жеке мән-жайларын ескеру қажет деп санайды. Оның айтуынша, сот шешімі тек келтірілген зардаптың нәтижесіне қарап шығарылмауы керек. Шығынның қалай келгені, оған кімнің және қандай жағдайда себеп болғаны да маңызды.

Адамның жан азабын цифрмен ғана бағалау – әділетке қиянат

Адайбек БЕЙМБЕТОВ, адвокат: «Моральдық шығынның ауырлығын бағалағанда, ең алдымен, ақылға қонымдылық пен әділдік өлшемдері ескерілуі тиіс. Адамның өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті, шығын келтірушінің кінәсінің түрі назарға алынуы керек. Сондай-ақ жәбірленушінің жасы, денсаулығы, кәсібі және жауапкердің отбасылық, мүліктік жағдайы да есепке алынғаны жөн. Мәселен, бір жағдайда адам қасақана шығын келтірсе, екінші жағдайда дәл сондай зардап абайсызда туындауы мүмкін немесе бірдей жарақат жас адамға және жасы үлкен адамға келтіріледі. Осындай жағдайлардың бәрін бір ғана өлшеммен таразылау мүмкін емес. Тек нәтижеге қарап емес, істің жағдайын толық әрі жан-жақты зерттеп, қорытынды жасаған орынды».

Адвокат моральдық шығынды өтеудің қатаң тарифін енгізуге қарсы. Оның пайымдауынша, адам қайғысынан немесе тартқан азабынан кейін белгілі бір соманы автоматты түрде алуға тиіс деген тәртіп мәселенің күрделілігін ескермейді. Ол бұл ұстанымын автокөлік жүргізу жылдамдығын шектейтін айыппұл мөлшерлемесімен салыстырды: жол ережесін бұзғаны үшін нақты айыппұл белгілеуге болады, ал адамның жан азабына дәл сондай тәртіппен баға қою дұрыс емес.

Моральдық шығынды өтеу туралы дауда психологиялық немесе медициналық құжаттардың маңызы бар. Алайда адамның қайғысын тек сараптама қорытындысымен өлшеуге болмайды. Мұндай құжаттар жан және тән азабының сипатын дәлелдеуге көмектескенімен, өтемақының нақты сомасын өздігінен анықтамайды. Бұл жерде сот басқа да дәлелдермен бірге істің толық мән-жайын бағалауы қажет. Моральдық шығынды өтеу мәселесінде қоғамға қажетті жауап – барлығына бірдей соманы бекіту емес. Әйткені бір адамның қайғысы екінші адамның қайғысымен бірдей болмауы мүмкін. Бірақ бұл әр судьяның өз қалауынша сома белгілеуіне де негіз болмауы керек.

«Менің пікірімше, моральдық шығынды өндіру мәселесінде оны таразылайтын адамның тек заңгерлік дипломы мен судьялық шекпенінің болуы аздық етеді. Ол адамның көзі ашық, көңілі ояу, парасаты күшті, адамгершілігі мол, жан-жақты білімі мен тәжірибесі болуы тиіс. Сондықтан сөз болып отырған мәселені алдын ала белгіленген сан емес, робот емес, АДАМ шешуі керек», – дейді Адайбек Беймбетов.

Адвокат өз тәжірибесінен Жаңаөзен қаласында болған істі мысалға келтірді. Бұл оқиға моральдық шығынды бағалауда қылмыстың салдары емес, адамның басынан өткен бүкіл жағдай ескерілуі керектігін көрсетеді.

Адвокаттың айтуынша, Жарылқасын есімді азамат жол үстіндегі жанжалдан кейін сыныптасы М.-ның соққысынан құлаған Т. есімді азаматтың өліміне қатысты қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бастапқыда сыныптасын оқуға жіберу үшін кінәні өз мойнына алған Жарылқасын кейін шындықты айтқанымен, оның сөзіне тергеу кезінде сенім білдірілмеген. Сот оны Қылмыстық кодекстің 106-бабының 3-бөлігі бойынша сегіз жылға бас бостандығынан айырған.

Қорғау тарапы істі қайта қарату үшін күресін жалғастырған. Оқиға орнындағы бейнебақылау жазбалары зерттеліп, сот-медициналық сараптама жүргізілген. Адвокат келтірген мәліметке сәйкес, бейнежазбада Жарылқасынның жәбірленушіге соққы жасамағаны, ал өлімге әкелген жарақаттың басқа адамның әрекетінен болуы мүмкін екені анықталған. Жоғарғы Сот кассациялық шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға жіберген. Кейін Маңғыстау облыстық соты Жарылқасынды ақтап, қамаудан босатқан. Осылайша, ол екі жыл үш ай он жеті күн заңсыз қамауда отырған. Адвокаттың айтуынша, қорғау тарапы мемлекеттен Жарылқасынның пайдасына 20 миллион теңге моральдық өтемақы талап еткен. Алайда Жаңаөзен қалалық соты оның көрген моральдық шығынын 4 миллион теңгеге бағалаған. Апелляциялық және кассациялық шағымдар қанағаттандырылмаған.

Адайбек Беймбетов: «Тергеу орнының жол берген осы қателігінен Жарылқасынның қанша тән азабы мен жан азабын тартқанын есептеу қиын. Біз мемлекеттен оның пайдасына 20 миллион теңге өтемақы талап еткенбіз. Алайда сот оның көрген моральдық шығынын 4 миллион теңгеге ғана бағалады. Осындай мәселелерде адамның тағдырын, жанын цифрмен ғана бағалау – әділетке, адамгершілікке қиянат».

Бұл мысал моральдық шығын мөлшерін анықтаудағы тағы бір күрделі жайтты ашады. Жарылқасынның ісінде жауапкер жеке адам емес, заңсыз қылмыстық құдалауға жол берген мемлекеттік орган. Азаматтық кодекстің 923-бабында анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен келтірілген шығынды өтеу тәртібі қарастырылған. Мұндай жағдайда шығын келтірушінің кінәсін дәлелдеу міндеті жалпы ережелерден өзгеше реттеледі.

Адвокат келтірген оқиғаның өзі де сот шешімдерінің артында нақты адам тағдыры тұрғанын еске салады. Алайда бір істегі өтемақы мөлшерін басқа іспен салыстыру үшін сот шешімдерінің толық мәтіні, талаптың негіздері мен өтемақыны есептеу уәждері қатар қаралуы қажет.

Мәселенің түйіні – моральдық шығынды өтеудің бірыңғай тәртібін енгізу қажеттілігі мен соттың әр істі жеке бағалау құқығының арасындағы тепе-теңдікті табу.

Мәди Көшікбаев заңнамада нақты әрі ортақ өлшемдердің болмауы талап етілген және өндірілген сомалардың арасындағы айырмашылыққа әсер ететінін айтады. Ал Адайбек Беймбетов қатаң тариф енгізу адамның жеке жағдайын ескеруге кедергі келтіруі мүмкін екенін алға тартады. Екі пікірдің де түйісетін тұсы бар: моральдық шығынды бағалау кезінде істің мән-жайлары жан-жақты зерттеліп, сот шешімі нақты негізделуі керек.

Бұл жерде бірыңғай әдістеме дегеніміз әр жағдайға бірдей ақша белгілеу емес. Ол – судьяның шешім қабылдауына бағыт беретін ортақ өлшемдер мен түсінікті талаптар жүйесі болуы мүмкін. Мәселен, адам өлімі, денсаулыққа ауыр шығын келтіру, заңсыз қамау, тұрмыстық зорлық-зомбылық, ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіру сияқты санаттар бойынша ескерілетін мән-жайларды жүйелеуге болады. Бірақ мұндай жүйе әр адамның жасы, денсаулығы, отбасылық жағдайы, азаптың ұзақтығы мен салдарын ескеруге мүмкіндік беруі тиіс. Сонымен қатар сот шешімдерінде өтемақы мөлшерінің не себепті дәл солай белгіленгені ашық әрі түсінікті жазылуы маңызды. Талапкер 50 миллион теңге сұрап, сот 5 миллион теңге өндірсе, оның қандай құқықтық және нақты мән-жайларға сүйеніп шешім шығарғанын азамат түсіне алуы керек. Бұл сот шешіміне деген сенімді арттырып, ұқсас істердегі айырмашылықты түсіндіруге көмектеседі.

Моральдық шығынды өтеу туралы дауда психологиялық немесе медициналық құжаттардың маңызы бар. Алайда адамның қайғысын тек сараптама қорытындысымен өлшеуге болмайды. Мұндай құжаттар жан және тән азабының сипатын дәлелдеуге көмектескенімен, өтемақының нақты сомасын өздігінен анықтамайды. Бұл жерде сот басқа да дәлелдермен бірге істің толық мән-жайын бағалауы қажет. Моральдық шығынды өтеу мәселесінде қоғамға қажетті жауап – барлығына бірдей соманы бекіту емес. Әйткені бір адамның қайғысы екінші адамның қайғысымен бірдей болмауы мүмкін. Бірақ бұл әр судьяның өз қалауынша сома белгілеуіне де негіз болмауы керек.

Заңнамада ақылға қонымдылық пен әділдік қағидаттары бар. Ендігі мәселе – осы ұғымдардың сот тәжірибесінде қалай қолданылатынын түсінікті ету. Ол үшін моральдық шығын туралы істердің ашық дерекқорын қалыптастырып, талап етілген және өндірілген сомаларды, сот шешімдерінің уәждерін, істің санатын жүйелі түрде жариялау қажет. Мұндай мәліметтер ұқсас істерді салыстыруға және сот тәжірибесіндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ моральдық шығынның әр санатына қатысты бағдарлық өлшемдер әзірлеу мәселесін талқылауға болады. Бірақ олар сотты қатаң шектеуге емес, шешімнің негізді әрі бірізді болуына қызмет етуі тиіс.

Адамның жан жарасын ақшаға айналдыру мүмкін емес. Дегенмен заң әділеттілікті қалпына келтіру үшін өтемақы мөлшерін белгілеуге мәжбүр. Сондықтан басты мәселе – қайғының бағасын белгілеп қоймай, сол бағаның қандай негізде шығарылғанын түсіндіру. Қоғам соттан тек шешім күтпейді. Оның неге дәл осындай шешім қабылдағанын да білгісі келеді. Сол секілді моральдық шығынның мөлшері де әртүрлі болуы заңды. Бірақ оны анықтаудың жолы түсініксіз болмауы керек.

Дариға ДОСАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
4-курс студенті

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ХАЛЫҚ ПІКІРІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде өткен жиында Құрылтай депутаты Екатерина Смолякова Жетісу облысының жұртшылығымен кездесіп, Президент Жолдауында жоспарланған шараларды түсіндірді, тұрғындардың ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

Екатерина Смолякова Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы тек жаңа ғимараттар салумен шектелмейтінін, инфрақұрылымды жаңғыртуды және халыққа қажетті әлеуметтік нысандарды салуды қамтитынын атап өтті. Депутат сондай-ақ Жетісу облысындағы туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне тоқталды.

Жиында Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы жергілікті кәсіпкерлер үшін де жаңа мүмкіндіктер туғызатыны айтылды. Жаңа нысандардың құрылысы құрылыс материалдарына, жабдықтар мен көлік қызметтеріне деген сұранысты арттырып, қосымша жұмыс орындарын құруға және бюджет түсімдерін ұлғайтуға ықпал етеді.



Осы күні Құрылтай депутаты Наурыз Сайлаубай Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС ұжымымен кездесті. Ол өндірістердің жұмыс орындарын құрудағы, халықты тұрақты табыспен қамтамасыз етудегі және бюджет түсімдерін арттырудағы рөліне тоқталды. Депутат «Қайнар-АКБ» өнімдерінің шетел нарығына шығуы отандық өндірістің әлеуетін көрсететінін атап өтті.Наурыз Сайлаубай кәсіпорынға «Отбасы банкпен» бірлесіп, қызметкерлердің табысы мен еңбек өтілін ескеретін арнайы ипотекалық бағдарлама әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Ол Хромтаудағы тау-кен кәсіпорнының банкпен бірлесіп, жұмысшыларына баспана алуға қолдау көрсеткен тәжірибесін мысалға келтірді.

ҚР Құрылтайының
баспасөз қызметі

№ 83 (3910)
6 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Қоғамның өркендеуі мен мемлекеттің тұрақты дамуы заң үстемдігіне, әділдікке және азаматтардың адалдық қағидаттарын ұстануына тікелей байланысты. Ал осы құндылықтарға нұқсан келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұл – тек жекелеген адамның заң бұзушылығы емес, тұтас қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін, мемлекеттік басқару жүйесіне және халықтың сеніміне зиян келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс.



Мақсат АМИРКУЛОВ,
Алатау қалалық сотының судьясы

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуын тежеп қана қоймай, азаматтардың заңға деген құрметін әлсіретеді. Әділ бәсекелестікке кедергі келтіріп, қоғамда теңсіздіктің қалыптасуына себеп болады. Ең бастысы, жемқорлық белең алған жерде әділдік қағидаттары бұзылып, адал еңбек пен кәсібиліктің құны төмендейді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта заңнамалық негіздер қалыптастырылып, алдын алу шаралары, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру және қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тек жазалау шараларына сүйену жеткіліксіз. Оның алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру және әр азаматтың жеке жауапкершілігін қалыптастыру да маңызды рөл атқарады. Өйткені жемқорлықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.

Осы ретте сот жүйесінің атқаратын рөлі ерекше. Сот – заңдылық пен әділдіктің кепілі. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық және өзге де істерді қарау барысында заң талаптарының қатаң сақталуы, дәлелдемелердің жан-жақты зерттелуі және әрбір істің объективті шешілуі аса маңызды.

Сот саласында қызмет ететін маман ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ең алдымен әр адамның жеке ұстанымынан басталуы керек деп есептеймін. Әрбір қызметкер өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, қызметтік әдеп нормаларын сақтап, азаматтармен қарым-қатынаста әділдік пен әдептілікті басшылыққа алуы тиіс.

Сот жүйесінде ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету, цифрлық технологияларды енгізу, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын белгіленген тәртіппен қарау – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал ететін маңызды тетіктер. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде заң талаптарын басшылыққа алу және кез келген заңсыз әрекетке жол бермеу әрбір сот қызметкерінің кәсіби әрі азаматтық парызы болып саналады.

Сонымен қатар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруда отбасының, білім беру ұйымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының да маңызы зор. Жас ұрпаққа адалдықты, әділдікті, жауапкершілікті және заңды құрметтеуді бала кезден үйрету қажет. Өйткені адалдық құндылықтары берік қалыптасқан ұрпақ – болашақта жемқорлыққа қарсы тұра алатын саналы қоғамның негізі.

Әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қандай жағдайда да заңсыз әрекеттерге бармауды өмірлік ұстанымына айналдыруы қажет. Пара беру мен пара алу, қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану, таныстық арқылы заңсыз артықшылыққа қол жеткізу сияқты әрекеттердің барлығы қоғамның дамуына кері әсерін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің нәтижелі болуы әр адамның азаматтық ұстанымына байланысты. Заңды айналып өтуге емес, заңды құрметтеуге; жеке пайдаға емес, қоғамдық мүддеге басымдық беруге дағдыланған қоғам ғана әділетті әрі өркениетті мемлекет құра алады.

Адалдық бар жерде – әділдік бар, әділдік бар жерде – сенім бар. Ал қоғамның сенімі мен заңға деген құрметі – қуатты мемлекеттің басты тірегі. Сондықтан жемқорлыққа қарсы күрес әрқайсысымыздың өзімізден, күнделікті іс-әрекетімізден басталуы тиіс.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТАЛҚЫ

ОРТАҚ ІСТЕН ШЕТ ҚАЛМАЙЫҚ!

Ана тіліміздің жанашыры А.Байтұрсынұлының: «Қазақ тілі – ең жетілген, ең үйлесімді тіл» деген сөзі есімізде. Қазақ тілі – ең бай тіл. Қазақтың дана сөзінде айтылғандай: «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ».

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында қаралатын істер көбіне орыс тілінде болып жатады. Себебі әкімшілік іс бойынша құқықтық көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап арыздарды орыс тілінде әзірлейді. Осы тұрғыда сотқа келген қазақ тілді арыз беруші сот процесі кезінде орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмай жататын кездері әлі де кездесіп жатады. Сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту құқығы бар екенін түсіндірсе де, көп жағдайда азаматтар өздерінің бұл құқықтарын қолдана бермейді. Сондықтан, кәсіби құқықтық көмек көрсетуші заңгерлер сотқа берілетін арызды талап қоюшының өзі жетік меңгерген тілде әзірлесе деген әлде де тілек бар.

Әкімшілік сотында адвокаттар мен заңгерлердің қатысуымен «Әкімшілік сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізіліп келеді, алайда әкімшілік сотына адвокаттармен, заңгерлермен талап қоюды қазақ тілінде берілу аясы әлі де кеңеймей отыр. Осы тұрғыда, адвокаттар мен заңгерлер қауымына әкімшілік сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуде өз үлестерін қосса деген үміт бар.

Әкімшілік соты мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесін қосып келеді, тілге қатысты шараларға қатысып отырады. Мәселен, жуырда Абай Құнанбайұлының 181 жылдығына орай, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткізілген мәдени-ағартушылық шараға судья С.Табанов пен сот мамандары қатысты. Сонымен қатар «Қазақ әдебиетіндегі таңдаулы 100 кітап» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, драматург, мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романына арналған әдеби кешке қатысты.

Алдағы уақытта әкімшілік соты қазақ тілінің дамуын жоғарылата береді.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маман – сот отырысының хатшысы

ӨЗЕК

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ БІР КҮНДІІК ШАРАЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕУІ КЕРЕК

Тіл – ұлттың рухани байлығы, елдің тарихи жады мен мәдени болмысын сақтайтын құндылық. Әрбір мемлекеттің өзіне тән ерекшелігі болса, сол ерекшеліктің ең маңыздысы – оның тілі. Мемлекеттік тілдің мәртебесі елдің тәуелсіздігімен, ұлттың бірегейлігімен және қоғамдық дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бұл мәртебе қазақ тілінің ел өміріндегі маңызды орнын айқындайды. Дегенмен тілдің шынайы беделі оның заң жүзінде бекітілген мәртебесімен ғана өлшенбейді. Оның қоғамда қаншалықты қолданылатыны, білім мен ғылымда, мәдениетте, ақпарат кеңістігінде және күнделікті қарым-қатынаста қаншалықты орныққаны да маңызды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілді дамыту мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақ тілінде білім алуға, кәсіби ақпарат іздеуге, ғылыми еңбектер оқуға және заманауи технологияларды пайдалануға мүмкіндік мол болуы керек. Тіл заман талабына сай дамып, жаңа ұғымдар мен салалық терминдерді қамтыған сайын оның қолданылу аясы да кеңейе түседі.

Мемлекеттік тілдің болашағы әр азаматтың оған деген көзқарасына да байланысты. Тілді құрметтеу тек мерекелік іс-шараларға қатысумен немесе оның маңызын сөзбен айтумен шектелмеуі тиіс. Қазақ тілінде сауатты сөйлеу, дұрыс жазу, кітап оқу және оны күнделікті қарым-қатынаста қолдану – тілге деген құрметтің нақты көрінісі.

Сонымен қатар мемлекеттік тілді дамытуда өзге тілдерге деген құрмет пен қоғамдық келісімнің маңызы зор. Қазақстанның көптілді ортасында қазақ тілінің ортақ қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлін күшейту қоғамның бірлігін нығайтуға ықпал етеді. Бұл үшін тілді үйренуге қолайлы жағдай жасап, сапалы білім мен қолжетімді тілдік ортаны қалыптастыру қажет.

Мемлекеттік тілдің дамуы – бір мекеменің немесе белгілі бір топтың ғана міндеті емес. Бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір азамат өз үлесін қосқан жағдайда ғана қазақ тілі барлық салада еркін қолданылатын, заманауи талаптарға сай дамыған тілге айналады.

Абулхаир ХАЛЕЛ,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

Цифрлық технологияларды енгізу сот төрелігінің қолжетімділігін арттырып, сот процестерінің ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

ЦИФРЛЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ: ТЕЗ, ТИІМДІ, ЫҢҒАЙЛЫ

Қазіргі қоғам технологиялық өзгерістердің жаңа кезеңіне қадам басты. Цифрландыру мемлекеттік басқарудан бастап, білім беру, денсаулық сақтау және құқық қорғау салаларына дейін кеңінен енгізілуде. Бұл үдерістен сот жүйесі де тыс қалған жоқ. Керісінше, сот қызметін заманауи технологиялармен жетілдіру құқықтық мемлекетті дамытудың маңызды бағыттарының біріне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдына қойған міндеттерінде цифрлық трансформация мен жасанды интеллект технологияларын дамытудың маңызын үнемі атап өтіп келеді. Өйткені цифрлық шешімдер мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, азаматтар мен мемлекеттік институттар арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтереді.

Сот жүйесін цифрландырудың басты мақсаты – сот төрелігін халыққа барынша қолжетімді, тиімді әрі ашық ету. Бұрын сотқа жүгіну үшін азаматтар құжаттарды қағаз түрінде дайындап, сот ғимаратына бірнеше рет баруға мәжбүр болатын. Қазір көптеген процесті электрондық форматта жүзеге асыруға мүмкіндік бар.

Осы бағыттағы маңызды құралдардың бірі – «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі. Оның көмегімен азаматтар мен заңды тұлғалар талап-арыздар, өтініштер, шағымдар мен өтінішхаттарды электрондық түрде жолдай алады. Сонымен қатар сот ісінің қозғалысын бақылап, қажетті құжаттарды алуға және мемлекеттік бажды онлайн төлеуге мүмкіндік қарастырылған.



Бұл, ең алдымен, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот қызметтерін пайдалануды жеңілдетеді. Әсіресе, шалғай елді мекендерде тұратын немесе денсаулығына байланысты сот ғимаратына келуі қиын азаматтар үшін электрондық сервистердің маңызы зор.

Сот жүйесін цифрландырудың тағы бір маңызды бағыты – сот отырыстарын бейнебайланыс арқылы өткізу. Қашықтан қатысу мүмкіндігі процеске қатысушылардың уақыт пен жол шығынын азайтады. Сонымен бірге сот талқылауының үздіксіз жүргізілуіне жағдай жасайды. Мұндай технологиялар әсіресе басқа қалада немесе өңірде тұратын тараптар үшін қолайлы.

Цифрлық технологиялардың артықшылығы мұнымен шектелмейді. Сот қызметіне енгізілген ақпараттық жүйелер құжат айналымын автоматтандыруға, істерді тіркеу мен өңдеуді жеделдетуге, сот процестерінің ұйымдастырылуын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде сот жүйесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану да өзекті бағытқа айналып отыр. Мәселен, сот практикасын талдау, ұқсас істер бойынша қабылданған сот актілерін іздеу, көлемді құжаттарды жүйелеу сияқты жұмыстарда интеллектуалды технологиялардың көмегіне жүгіну мүмкіндігі кеңейіп келеді.

2026 жылы еліміздің соттарында азаматтық істер бойынша «Цифрлық судья көмекшісі» сервисін енгізу жұмыстары жүргізілді. Бұл жүйе сот практикасын талдап, ұқсас даулар бойынша шешімдерді іріктеуге және іс материалдарын құрылымдауға көмектеседі. Мұндай құралдар судьяның жұмысын жеңілдетіп, құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Дегенмен жасанды интеллект судьяның орнын алмастырмайды. Сот шешімін қабылдау, дәлелдемелерді бағалау және заң талаптарын қолдану судьяның құзыретінде қалады. Сондықтан цифрлық технологиялар сот төрелігін жүзеге асыратын дербес субъект емес, кәсіби қызметті қолдайтын көмекші құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Сот жүйесін цифрландырудың тағы бір оң әсері – ашықтық пен жариялылықты арттыру. Азаматтардың сот істері туралы ақпаратқа қол жеткізуі, сот отырыстарының онлайн көрсетілуі және электрондық сервистердің дамуы қоғамның сот қызметіне деген ақпараттық қолжетімділігін кеңейтеді.

Әрине, цифрландыру үдерісімен бірге ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де қатар жүруі керек. Сот жүйесінде азаматтардың жеке деректері, коммерциялық құпиялар мен заңмен қорғалатын өзге де мәліметтер сақталатыны белгілі. Сондықтан ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, деректерді қорғау және киберқауіптердің алдын алу – цифрлық сот төрелігінің ажырамас бөлігі.

Тұтастай алғанда, сот жүйесін цифрландыру – тек техникалық жаңғырту емес, сот төрелігін ұйымдастыру мәдениетін өзгертетін кешенді үдеріс. Оның нәтижесі азаматтардың уақытын үнемдеумен ғана өлшенбейді. Ең бастысы – сотқа жүгіну жолдарын жеңілдету, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және құқықтық қызмет сапасын арттыру.

Әділдік, заңдылық және тәуелсіздік – сот төрелігінің өзгермейтін қағидаттары. Ал цифрландыру осы құндылықтарды жаңа технологиялық мүмкіндіктер арқылы жүзеге асыруға жол ашады. Сондықтан цифрлық сот төрелігін дамыту – еліміздің құқықтық жүйесін жетілдірумен қатар, азаматтардың мемлекетке және заң үстемдігіне деген сенімін нығайтудың маңызды тетігі.

Гүлмира ИЗБАСАРОВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

ШАРА

ҚазҰУ-дағы күзгі мектеп: баспа мен медианың жаңа белесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Ұлттық баспа күніне орай «Жасанды интеллект дәуірі: Баспа ісі, медиа және дизайн» атты II Халықаралық күзгі мектеп іс-шарасы өтті. Бұл жиын баспа ісі, журналистика және дизайн саласындағы мамандар мен студенттердің басын қосып, жасанды интеллектінің кәсіби ортаға әкелген өзгерістерін талқылауға арналды.

Күзгі мектепті ҚазҰУ-дың Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы ұйымдастырды. Бағдарламаға журналистер, баспа саласының мамандары, оқытушылар мен білім алушылар қатысып, жасанды интеллект, медиадизайн, цифрлық трансформация, ақпараттық қауіпсіздік және кәсіби этика мәселелерін талқылады. Шараға түрлі сала өкілдері қатарында Түркі әлемі журналистер федерациясының президенті Мендерес Демир (онлайн форматта), журналистика факультетінің деканы Ысқақ Егембердиев, баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығының төрағасы Әділ Қойтанов пен ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары Толқын Салменбаева, «AmalBooks» баспа үйінің директоры Бақытжан Бұқарбай, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ бас продюсері Болат Мүрсәлім, «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы спикер ретінде қатысты.



Кездесуде жасанды интеллектінің журналистика мен телевизиядағы қолданылуына ерекше назар аударылды. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ бас продюсері Болат Мүрсәлім «Телевизияда жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесі мен этика мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Оның айтуынша, «Қазақстан» телерадиокорпорациясында жасанды интеллект көмегімен әзірленген алғашқы анимациялық фильм 2025 жылдың 1 мамырында жарық көрген. Кейін осы технология арқылы 28 анимациялық фильм жасалған. Алайда спикер жасанды интеллектіні қолдануда жылдамдықпен қатар жауапкершілік те маңызды екенін атап өтті. Оның пікірінше, контент жасау кезінде ЖИ қолданылғанын ашық көрсету және технология ұсынған ақпаратты міндетті түрде тексеру қажет екендігін ерекше атап өтті. Себебі жасанды интеллектінің ақпаратты тез өңдеуі оның әрдайым дұрыс екенін білдірмейді.

Баспа саласының қазіргі жағдайына «AmalBooks» баспа үйінің директоры Бақытжан Бұқарбай тоқталды. Ол болашақ баспагерге қажетті бес негізгі дағдыны атап өтті. Олар: қаржы табу, өнімді сату, келіссөз жүргізу, зейінді шоғырландыру және жауапкершілік алу. Бақытжан Бұқарбайдың айтуынша, бүгінгі баспагер үшін кітап мәтінін редакциялау мен көркем безендіруді білу аздық етеді. Ол нарықты түсініп, оқырман сұранысын бағалап, шығармашылық идеяны нақты өнімге айналдыра алуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі баспагердің кәсіби қабілетіне кәсіпкерлік ойлау да қосылып отыр. Ал «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы журналистиканың өзгерген ақпараттық ортаға бейімделуіне тоқталды. Ол бүгін ақпаратты тұтыну мәдениеті өзгеріп, жылдамдық пен сенім арасындағы бәсекенің күшейгенін айтты. Спикердің пікірінше, технология дамыған сайын журналистің ақпаратты тексеруі, оның шынайылығын анықтау және аудитория сенімін сақтау міндеті бұрынғыдан да маңызды.

Күзгі мектептің негізгі бағдарламасы генеративті жасанды интеллект, медиамәтін, редакциялау, визуалды сторителлинг, кітап индустриясының цифрлық трансформациясы, медиасауаттылық және цифрлық этика бағыттарын қамтыды. Жиыннан байқалғаны – жасанды интеллект баспа мен медианың жұмыс тәсілін өзгертіп жатқанымен, адамның кәсіби білімі мен шығармашылық қабілетінің маңызын төмендете алмайды. Керісінше, жаңа технологияны сауатты пайдаланып, оның нәтижесіне жауап бере алатын маманға сұраныс артып келе жатқанын көрсетті.

Балауса ТҰРҒАЛИ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
4-курс студенті,
фото авторы
Дәурен МАҚСҰТХАНҰЛЫ

ТАРАТУ

2. «ТОО «Дәулет Шу»» ЖШС (БСН 200240019396), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Шу қаласы, көше Адырна 21 тел. +7 775 666 61 44.

3. «ИНТЕРПОНТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 131140011949), Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының «ИНТЕРПОНТ» ЖШС-ін ерікті түрде тарату туралы 2026 жылғы 27 қазандағы шешімі негізінде өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/15-үй, 3-қабат, 308/1-кеңсе.

6. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөкей ордасы ауданы білім беру бөлімінің «Кеңой бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (БСН 130540024526), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөкейордасы ауданы, Кеңой ауылы, 1 У көшесі, 15-үй. Тел. +8 776 205 89 36.

7. «Ai-Mar Group logistics» ЖШС, (БСН 211240018441) (ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қ., Байзақ батыр көшесі, 194-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап- шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қ., Жібек Жолы ауданы, 2-ші өткел, Мұхаммед Хайдар Дулати көшесі, 24-үй. Тел. +8 701 715 38 85.

10. «СЕМИПАЛАТИНСКИЙ ОБУВЬТОРГ» ЖШС (БСН 960940001633) (Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Сеченов көшесі, 6-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Тұздыбастау ауылы, Алтай көшесі, 2576-үй. Тел.: +7 701 713 40 07.

11. «Aquapool Project» ЖШС (БСН 230840000481) (Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 20-үй, 4-тұрғын емес үй-жай), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сәтбаев көшесі, 20-үй, 6-тұрғын емес үй-жай. Тел.: +8 705 426 59 06.

14. «Қарпық Қара Тоқа» қоғамдық қайырымдылық қоры (БСН 190440007424) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ұлытау обл., Жаңаарқа ауд., Жаңаарқа кенті, Жамбыл көш., 68-үй.

15. «DAU MILK» ЖШС (БСН 250240007629) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Қазығұрт ауд., Қазығұрт а/о, Қазығұрт ауылы, К.Әзірбаев көш., 100Б-үй.

18. «ИнвестТрансГруп» ЖШС (БСН 200940024050) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл. Ақтау қ. 11 Шағын ауданы, 20-үй, 40-пәт.

19. «ДАТ-ДДР» ЖШС (БСН 130340012387) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Бостандық ауд., Ермек Серкебаев даңғылы, 23-үй, 27-пәт.

20. «Арал-Сырдария бассейінінің экологиясы мен биоресурстары ғылыми- зерттеу институты» ЖШС Арал филиалы (БСН 200941004735) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 57 үй. Телефон +8701 303 53 44.

25. «МАНСУР-АГРО-ДАМУ» АӨК-і (БСН 170340033021), Кооперативтің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады. Инд: 120600, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, А.Иманов көшесі, №88. Тел.: +8705 960 59 45.

26. «КазАденСтрой» ЖШС (БСН 240940018445) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 10/2-үй, 77-кеңсе, тел.: +7747 200 43 53.

27. «Балқаш жылу электр станциясы» АҚ (БСН 080540018262) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А, «Б» блогы, «Q» бизнес орталығы, 6-қабат, 604-кабинет, +7 7172 55 30 75, email: m.gudtseva@samruk-energy.kz.

ӘРТҮРЛІ

8. «ҚАРЖЫГЕР» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 130540020286), өз кредиторын және мүдделі тұлғаларды кететін қатысушылардың үлесін өтеу жолымен жарғылық капиталды азайтатыны туралы хабардар етеді. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Манап Ғалимов көшесі, 114, электронды пошта: ktkarzhyger@bk.ru.

12. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық сотында Мироненко Елена Андреевнаның 1959 жылғы 31 қаңтарда туған Мироненко Виктор Григорьевичті қайтыс болды деп жариялау туралы іс қаралуда. Соңғы тұрғылықты жері: Қазақстан Республикасы, СҚО, Аққайың ауданы, Сенное ауылы. В.Г. Мироненконың орналасқан жері туралы қандай да бір ақпарат білетін тұлғалардан ақпаратты СҚО, Қызылжар ауданы, Бескөл а., Комаров к-сі, 1 үй Қызылжар аудандық сотының кеңсесіне осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарлауды сұраймыз. Соттың телефоны: 8 (7153) 82 15 62, Е.А. Мироненконың тел. +7 777 686 51 75.

16. «Эссет» ЖШС (БСН 110840014269) 2026 жылғы «20» қазандағы Қатысушылардың жалпы жиналысының № Е26/1/2 шешімімен серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 107/3-ғимарат.

17. «REAL» «РЕАЛ» ЖШС (БСН 121040004643) өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларына жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 73А, 212-кабинет.

24. «Жарма» шаруа қожалығы» ЖШС (БСН 171040013909) өзінің жарғылық капиталын азайтатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Жарма кенті, 4-орам, 34-үй.

28. «Jet Finance» МҚҰ» ЖШС 2026 жылғы «2» қарашадан бастап С.М. Байматованың атына берілген №33, 34, 39 сенімхаттарды кері қайтарып алынатыны туралы хабарлайды.

29. Түркістан облысы Сайрам аудандық сотының 2026 жылғы 27 қазандағы №5152-26-3-1/4262 ұйғарымына сәйкес, «Түркістан облысының арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» КММ-нің арызы бойынша Миринди Рамиляны хабарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Миринди Рамиляның жүрген жері туралы қандай да бір мәліметі бар азаматтардан хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент ауылы, Жандарбеков көшесі, 8-үй мекенжайындағы Сайрам аудандық сотына немесе Сайрам ауданы, Қасымбек датқа ауылы, Абай көшесі, 17А-үй мекенжайындағы «Түркістан облысының арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» КММ-не хабарласуды сұраймыз. Тел.: +7 702 951 73 09.

21. ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мир Алишер Навои атындағы» өндірістік кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы (әрі қарай – кооператив)

Осымен сіздерге 2026 жылғы 29 қараша сағат 11:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Бекнияз ата көшесі, Сұлтанияз ата мейрамханасы мекенжайы бойынша өтетін кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы туралы хабарлаймыз.

Алдағы жалпы жиналыстың болжамды күн тәртібі:

1. Кооператив мүшелерін тізімге сәйкес мүшеліктен шығару.

Заңның 15-бабы 14-тармағына сәйкес Кооперативтің мүшелігінен шығарылатын азаматтар, дауыс беруге қатыспайды.

2. Жаңа мүшелерді (оның ішінде мұрагерлерді) қабылдау.
3. Кооператив мүшелерінің жаңа тізімін бекіту.
4. Кооператив төрағасын сайлау.
5. Кооперативтің мекенжайын ауыстыру.

Заңның 15-бабы 8-тармағының 2-абзацына сай егер тиісті кворум болған жағдайда жиналысқа қатысқан кооператив мүшелері бірауыздан өзге шешім қабылдамаса, жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізуге және оған енгізілмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға хақы жоқ.

Осыған байланысты 2026 жылғы 22 қарашаға дейінгі мерзімде «Мир Алишер Навои атындағы» өндірістік кооперативі мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар және немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды келесі мекенжай бойынша күтеміз: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Мирза баба көшесі, 108-үй, пошта индексі 160804. Онда сіз мүшеліктен шығарылатын адамдардың тізімімен таныса аласыз.

МҰРАГЕРЛІК

4. 29.11.2025 ж. қайтыс болған Жеңсікбаев Бахадұр Яхудаұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., №5 ғим. Тел. +8702 233 44 99.

5. 4 мамыр 2026 ж. қайтыс болған Наркешбаева Бифатима Турсынальевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қ., Қорқыт ата көш., 23-үй мекенжайы бойынша нотариус Жулдыбаева Акманат Рыспековнаға хабарласуларын сұраймыз.

9. 2026 жылы 1 маусымда қайтыс болған Дәулетбақ Тілеубектің артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С. А. Жұмадуллаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмерсіз ғимарат.

13. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 17.07.1988 жылы туылған, 10 қазан 2026 жылы қайтыс болған Кенесов Мырзагелди Алтынбековичке, мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қ., Самал ш/а, 1/2-үй, 20-кеңсеге хабарласуды сұрайды.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы Жақыпов Жұматай Кәдетұлына қарындасы

Гүлнәр Кәдетқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

АМАНАТ

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАЗЫЛМАҒАН ТАРИХЫ

Құрмашева Райханның естелігі негізінде жазылған желтоқсан тарихының бір шындығы 40 жыл бұрынғы қайғылы оқиғаны қайта еске түсіреді. Иә, аталмаған есімдер, айтылмаған шындықтар, жазылмаған жағдайлар әлі де көп. Желтоқсан күрескерлерін дәріптеу, тарихта атын қалдыру, ұрпаққа аманаттау сол күндерді көзі көргендердің міндеті.

Кейбір күндер дерегі күнтізбеде ғана қалмай, адамның жүрегіне мәңгілікке жазылады. Жылдар өтеді, заман өзгереді, шашқа ақ түседі, өмір өз арнасымен аға береді. Бірақ кейбір сәт көз алдыңа келсе болды, жүрегің қайтадан сол бір күннің ызғарын сезінеді. Мен үшін ондай күн – 1986 жылдың 17 желтоқсаны.

Ол кезде мен Алматы қаласындағы Бас пошта басқармасының газет цехында жұмыс істейтінмін. Жас едім. Алдымда әлі талай арман, талай үміт күтіп тұрғандай көрінетін. Болашағымды өз еңбегіммен жасағым келді. 1982 жылы мектеп бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға құжат тапсырғанмын. Барлық емтиханды жақсы тапсырсам да, конкурс кезінде бір балл жетпей оқуға түсе алмай қалдым. Құжаттарымды қайтарып алып, құрбыларымның кеңесімен бас поштаға жұмысқа орналастым. Ата-анама салмақ салғым келмеді. Еңбек етіп, өз күнімді өзім көрсем дедім. Жатақханада тұрып, бес жыл жұмыс істесем, баспаналы болуға мүмкіндік бар еді. Сол бес жылды адал еңбекпен өткеріп, үй кезегімнің жақындағанын күтіп жүргенмін. 1987 жылдың көктемінде баспаналы боламын деген үмітім де бар болатын. Бірақ өмірдің бізге дайындаған сынағын ол кезде қайдан білейін.

1986 жылдың 16 желтоқсанында жастар наразылығы орталық алаңда басталды. Мен де құрбыларыммен және сөз байласып жүрген досыммен бірге алаңға бардық. Жүрегімізде қорқыныштан гөрі намыс басым еді. Қазақтың өз жерінде қазақтың сөзі өтсе екен, ел тізгінін өз ұлтының өкілі ұстаса екен деген арман тұрды ойымызда.

Біз ешкімге қастық жасамадық. Біз өз үнімізді естірткіміз келді. Жастардың жанайқайын жеткізгіміз келді. Алаңға жан-жақтан әскерилер топтап келе бастады. Бейбіт шеруге шыққан жастарды күшпен тарата бастады. Қолдарындағы сапер күректерімен, дубинкаларымен ұрып-соғып, шаштан сүйреп, іштен теуіп, су шашып, қолға түскендерін шетінен машиналарға малша тиеп алып кетіп жатты. Бірақ біз тарамадық. Алаңда қазақтың жігіттері мен қыздары бір-біріне сүйеніп тұрды. Біріміздің көзімізден жас ақса, екіншіміз жұбаттық. Біріміз құласақ, екіншіміз тұрғыздық. Қорқыныш бар еді, әрине. Бірақ сол қорқыныштың ар жағында намыс қайрап тұрды.

Көз алдымнан әлі күнге кетпейтін бір көрініс бар. Қыздар қоршаудың ішінде қалдық. Қашып шығатын жол жоқ. Сонда қазақтың жігіттері қоршауды бұзып жұлқыласып жүріп бізді қоршаудың арғы жағына бір-бірлеп лақтыра бастады. Доп секілді ұшып барып, мұздай жерге топ ете түсесің. Бірақ жігіттердің ойы қыздарды жендеттер таяғынан аман алып қалу еді. Мен де жерге құладым. Жайлап басымды көтердім. Көшенің бойында адамдар ары-бері өтіп жатыр. Автобус жүріп барады. Қала тіршілігі ештеңе болмағандай жалғасып жатты. Ал біздің әлеміміз астаң-кестең. Бір-бірімізге қол созып, ақсаңдап орнымыздан тұрдық. Киімімізді қағып, жанымызға батқан ауырсынуды елемеуге тырыстық. Сосын қайтадан алаңға қарай беттедік.

Иә, біз қайта оралдық. Өйткені біздің орнымыз сол жерде еді. Жанымызды ауыртқан әділетсіздікке үнсіз қарап тұра алмадық. Бірақ сол кезде көз алдымызда болған келесі көрініс жүрегімізге мәңгілік жара салды.

Бізді құтқарған қазақтың жігіттерін аяусыз ұрып жатты. Бірінен соң бірін бүркемелі машиналарға тиеп әкетіп жатты. Олардың арасында менің досым Бибулат та бар еді. Қолымыздан ештеңе келмеді. Сол сәтте кеудемді бір ауыр сезім қысты. Құтқарған адамдарыңның өздері көмекке мұқтаж болып тұрса, сен не істей аласың?

Менің қасымда бірге жұмыс істейтін құрбым Айжан бар еді. Жылап тұрып, жігіттерге қарай жүгірдім. Сол сәтте мені де ұстап, машинаға тиеп жіберді. Бәрімізді қала сыртына алып шығып қоқыс төгетін жерге апарып төгіп тастаған. Қайда келгенімізді, енді не боларын білмедік. Тек аман қалу керек. Қашу керек. Үйге жету керек. Әйтеуір, жаяулап жүріп, жан сауғалап құтылдық.

Бірақ адам бір жерден қашып құтылғанымен, сол жерде көрген қорлығынан бірден құтыла алмайды екен. Біздің денеміздегі жара біртіндеп жазылғанымен, жанымызға түскен жара ұзақ жылдар бойы жазылмады.

Бір күнде өзгерген тағдыр

Ертеңіне жұмысқа келдім. Бәрі бұрынғы қалпында сияқты. Газет цехы, таныс адамдар, күнделікті тіршілік. Жұмыс орнымда менің алаңда болғанымды біліп қойыпты. Бөлім бастығымыз Вера Афанасьевна мені шақырып алып, сені іздеп жатыр деді. Оның сөзі әлі күнге дейін есімде.

– Бізге «чп» қажеті жоқ. Оның үстіне, жұмыстан арнайы баппен шығарылсаң, өзіңе қиын болады. Сен жақсы, еңбекқор, адал қызметкерсің. Біз сені сыйлаймыз. Одан да «өз еркіммен жұмыстан босатуыңызды сұраймын» деп арызыңды жаз, – деп жөн сілтеді.

Мен үнсіз тыңдадым. Қарсыласуға да, өзімді ақтауға да дәрменім жетпеді. Сол заманның үрейі адамның үнін ішіне жұтып қоятын. Бастысы – аман қалу, отбасыңа зиян келтірмеу, басыңды сау алып жүру. Сөйтіп, арыз жаздым. Жұмыстан өз еркіммен шыққандай болдым. Ал шын мәнінде, менің еркімнен тыс жағдайлар өмірімді басқа арнаға бұрып жіберген еді.

Бір күн бұрын ғана бес жылдық еңбегімнің өтеуіндей көрінген үй кезегім бар болатын. Енді, жұмыс та жоқ, үй де жоқ. Қаншама үмітім бір сәтте үзіліп түсті. Бірақ мені ең қатты қынжылтқаны баспана мәселесі ғана емес. Өз еліңде өз ойыңды білдіргенің үшін қорқынышпен өмір сүруге мәжбүр болу – оның ауырлығы мүлде бөлек екен.

Бибулат та вагон жөндейтін зауыттағы жұмысынан босап қалды. Біз содан шұғыл үйленуге шешім қабылдап Алматыдан жыраққа Бибулаттың туған жері Батыс Қазақстан облысы, Бөкей орда ауданы Бейсен ауылына аттандық.

Ауылға бөтен біреу келе қалса, елең ете қаламыз. Біреу сұрақ қойса, ішіміздің секем аламыз. Теледидардан Желтоқсан көтерілісі туралы қысқаша хабар көрсетілсе болды, бір-бірімізді шақырып, үнсіз отырып көретінбіз. Экраннан сол бір алаңнан өзімізді іздейтінбіз. Сол күнгі қасымызда болған адамдарды іздейтінбіз. Бізді құтқарған жігіттерді, жанымызда болған қыздарды, көз алдымызда ұсталып кеткендерді ойлайтынбыз. Бірақ өзіміздің де сол оқиғаның ортасында болғанымызды ашық айта алмадық.

Жылдар өтті. Біз есейдік. Балаларымыз өсті. Қуанышымыз көбейді. Тіршіліктің қамымен жүріп, жүректегі жараны ешкімге көрсетпей, үнсіз өмір сүре бердік. Кейде ойлаймын: адам қорқынышпен қанша жыл өмір сүре алады екен? Біз өмір сүрдік. Күлдік те, қуанышымызды бөлістік те. Бірақ жанымыздың бір бөлігі үнемі сол 1986 жылдың желтоқсанында қалып қойғандай еді. Көзімізден жас шықпаса да, көңілімізде мұң бар болатын. Сырт көзге жай ғана өткен күндей көрінгенімен, біз үшін ол ешқашан аяқталмаған оқиға еді.

2009 жыл. Үлкен қызымызды ұзаттық. Қыз ұзату – әр ата-ана үшін толқынысы мол, қуанышы ерекше сәт. Біз де қызымыздың болашағына ақ тілегімізді арнап, құдалармен бас қосып, қуанышымызды бөлісіп отырдық. Сол тойда көп жылдан бері іште сақталып жатқан сыр алғаш рет ашылды. Жездем орнынан тұрып, құдаларға біздің өткеніміз туралы айтты.

– Сіздердің құдаларыңыз 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде алаңға шыққан, қудалау көрген, сол оқиғаның ортасында болған нағыз батырлар, – деді. Менің жүрегім сол сәтте тоқтап қалғандай болды.

Осы уақытқа дейін ешкімге айта алмаған сырымыз енді көпшіліктің алдында айтылды. Жылдар бойы ішімізде тұншыққан сөз сыртқа шықты. Біз бір-бірімізге қарадық. Сол қараста қаншама жылдық қорқыныш, қаншама айтылмаған сыр, қаншама көз жасы бар еді!

Сол күннен кейін бізді сұхбаттарға, дөңгелек үстелдерге шақыра бастады. Алғашында бәрібір жүрексіндік. Көп нәрсені ашық айтуға батылымыз жетпеді. Жылдар бойы қалыптасқан үрейден бір сәтте арылу мүмкін емес екен. Бірақ уақыт өте келе жүрегіміздегі үн қайта ояна бастады. Біз өз оқиғамызды айта бастадық. Біз де сол алаңда болғанымызды, көрген қиыншылықтарымызды, өз еліміздің болашағы үшін алаңға шыққанымызды біртіндеп жеткіздік. Өйткені тарих тек кітапқа жазылған деректерден тұрмайды. Тарих – тірі адамдардың естелігі. Тарих – біреудің көз жасы, біреудің жарасы, біреудің өмір бойы жүрегінде сақтаған шындығы. Ал біздің де айтар сөзіміз көп еді.

Қорқыныштан азаттыққа

2014 жылдың желтоқсаны. Аудандық әкімдіктің ішкі саясат бөлімінің басшысы біздің барлық құжаттарымызды жинап алдыртқан болатын.

Содан 2016 жылы телефон шалып, 12 желтоқсан күні ешқайда кетіп қалмаңыздар, – деді. Біздің көңілімізге тағы да сан түрлі ой келді. Жылдар бойы бойымызға сіңген үрей бір сәтте қайта оянғандай болды.

Бірақ бұл жолы бәрі басқаша болды. Сол күні біз алғаш рет мемлекет тарапынан Алғыс хат алып, «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік медалімен марапатталдық. Кейін ақталғанымыз туралы құжат алдық.

Қолымызға тиген сол құжатқа қарап тұрып, жүрегімде ерекше бір сезім оянды. Көп жыл бойы ішімізге бүккен шындықтың мойындалғанын сезіндік. Бізді қорқынышпен үнсіз қалдырған күндер біртіндеп артта қалып бара жатты. Біз енді басымызды көтеріп жүре алдық. Өткенімізді жасырмай айтуға мүмкіндік туды.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқанымызға ешқашан өкінген емеспіз. Өйткені сол күні алаңға шыққанда біз өзіміздің ғана емес, халқымыздың да арманын арқалап шыққан едік. Біз тәуелсіздікті дайын күйінде алған жоқпыз. Оған дейін талай жанның үміті, талай жастың қайраты, талай отбасының көз жасы мен тағдыры таразыға түскен еді. Біздің де өміріміз сол тарихтың бір бөлшегі болды.

Қазір өткен күндерге көз жүгірткенде, ең алдымен, сол алаңдағы қазақтың жігіттері есіме түседі. Қыздарды қоршаудың арғы жағына лақтырып, аман алып қалуға тырысқан жігіттер... Өздері соққыға жығылып жатса да, өзгелерді құтқаруға ұмтылған жастар... Бір-бірін танымаса да, бір халықтың перзенті болғандықтан бір-біріне қорған болған жандар... Солардың қайсарлығы әлі күнге дейін жүрегімді тебірентеді.

Біз сол кезде жас едік. Арманымыз көп еді. Бірақ біздің арманымыздың ең үлкені – халқымыздың азат болуы, еліміздің өз алдына дербес мемлекет болуы еді. Бүгінде сол арман орындалды. Біздің Көк туымыз көкте желбіреп тұр. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ұрпағымыз еркін өмір сүріп, ана тілінде сөйлеп, өз тарихын танып өсіп келеді.

Желтоқсан көтерілісін, оның күрескерлерін ешкім ұмытпаса екен. Өйткені үнсіздікпен өткен жылдарымыз да – тарих. Қорқынышпен атқан таңдарымыз да – тарих. Ал бүгінгі азат елде басымызды тік көтеріп жүргеніміз – сол тарихтың бізге сыйлаған ең қымбат сыйы, – дейді Райхан Жұмаділқызы.

Көз алдымнан әлі күнге кетпейтін бір көрініс бар. Қыздар қоршаудың ішінде қалдық. Қашып шығатын жол жоқ. Сонда қазақтың жігіттері қоршауды бұзып жұлқыласып жүріп бізді қоршаудың арғы жағына бір-бірлеп лақтыра бастады. Доп секілді ұшып барып, мұздай жерге топ ете түсесің. Бірақ жігіттердің ойы қыздарды жендеттер таяғынан аман алып қалу еді. Мен де жерге құладым. Жайлап басымды көтердім. Көшенің бойында адамдар ары-бері өтіп жатыр. Автобус жүріп барады. Қала тіршілігі ештеңе болмағандай жалғасып жатты. Ал біздің әлеміміз астаң-кестең. Бір-бірімізге қол созып, ақсаңдап орнымыздан тұрдық. Киімімізді қағып, жанымызға батқан ауырсынуды елемеуге тырыстық. Сосын қайтадан алаңға қарай беттедік.



Алматыдан кетіп бара жатып, жүрегімде қаншама айтылмаған сөз қалды.

Алаңда болғанымды, сол үшін жұмыстан шығарылғанымды тек әпкемнің күйеуі органда істейтін – жездеме ғана айттым. Басқа жанға тіс жармадық. Біз өзімізбен бірге жаңа өмірге тек киім-кешек пен естеліктерді ғана емес, ешкімге ашып айта алмайтын бар құпияны да ала кеттік.

Ауылдағы алғашқы жылдарымыз оңай болған жоқ. Сырттай қарағанда, біз де басқа жас отбасылар сияқты өмір сүріп жаттық. Тұрмыс құрдық, еңбек еттік, балаларымыз дүниеге келді. Өмірдің қуанышы мен қиындығын бірге өткердік. Бірақ жүрегіміздің бір түкпірінде үнемі бізді ұстап алып кетсе, балаларымыз жетім қала ма деген үрей тұратын.

Сол күндері алаңға шыққан жастардың тағдырын әрбір қазақ білсе екен. Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін, оның артында қаншама адамның өмір жолы, қайғысы мен үміті тұрғанын ұрпақ түсінсе екен. Біз ешкімнен артық құрмет сұрамаймыз. Біз тек өз басымыздан өткен шындықтың ұмытылмағанын қалаймыз. Сол бір аязды күндер желтоқсандықтардың жадында мәңгі қалады. Біздің жүрегіміздегі бір ғана тілек – Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін!

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 165 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31